



Метай ЕЛЕУСІЗ

**ӨМІРІМ
— ӨНЕГЕМ**



Метай ЕЛЕУСІЗ

ӨМІРІМ-ӨНЕГЕМ

(Ғұмырбаян)

М. Елеусін

13 03 2017 Акташ

ОМПИ-ӨХЕЛЕМ

Актогайская
ЦБС

- 53004 -

Әр адамның ғұмыры - кейінгі үрпаққа өнеге. Ал, еңбек адамының басып өткен жолы бізді болашаққа бастар сара даңғыл. Ақтогайлық азамат, ел үшін ерінбей еңбек еткен Метай Елеусіздің бүл кітабы осыған үндейді.
Көпшілік оқырманға арналған.

12.03.2010

“Арко” баспаханасы, Қарағанды - 2010.

Алғысөз

-дож «Еңбекшілік» АМ іапбндо ж «Нұғе Жолапож» ЕІ-
емінен нағелд «ЖМОЗ» жоғ әдмінів, ал Нұнайған
«ЖМОЗ», нағызынан жаңылпастағы міндағы

Қолыма қалам алдым. Еріккеннен, болмаса, зе-
ріккеннен емес. Өткеніме үңіліп, өмірімнің өрімін
тарқатып, өрі мен еңісіне көз жүгіртіп, қалған ізім,
салған соқпағым бар ма, соны ой-өлегінен өткізіп,
зерделесем деп талпынған, талаптанған түрім еді
- бұл. Бәлкім, бұл тірлігім бәз біреулер үшін ерсі
көрінер. «Саналы ғұмырын аттың жалында, малдың
соңында өткізген бұл несін айтпақ?!» деушілер де
кезікпей қалмас. Мейлі, кімнің не ойлағанында
шаруам қанша? Бастысы - қолыма қалам алдым.
Шабытимның тасқандығы, болмаса, ақылымның
асқандығы да емес. Жазушы атанаң, елді аузыма
қаратып, таңдайларын тақылдатып, тамсандыр-
сам деген де ниетім жоқ. Тағдырымның таспадай
тарам-тарам тауқымет пен талайлы таршылықта
өткен сәттерінің артымнан ерген үрпағыма тағы-
лымдық, тәлімдік себі тисе мұратыма жеткенім
деп ойлаймын. Мақсатымның орындалғаны деп
санаймын.

Адамға ой жасамыс тартып, қарттыққа қадам
басып, егделікке бет түзей келе ме деймін. Ша-
ңырақ пен шаруаның тізгінін бала үстағасын. Ер-

Метай ЕЛЕУСІЗ

мегің теледидарға қадалып, газет-жорналға қарап, кітап кеміру болмағанда, не бітіресің. Сол теледидарға қөз жүгіртсөн де, кітап оқып қарап отырсан да, әңгіме ауаны тіptен түкке тұрғысыз әлденелерге ойысып, мұлдем мән-мағынасыз бірденелерді сөз етіп жатады.

Бір жолы «Жалын» жорналы ма, «Жұлдыз» жорналынан ба есімде жоқ «БОМЖ» деген әңгіме оқыдым. Бастапқыда, несін жасырайын, «БОМЖ» сөзінің астарын анламадым. Әңгіме ауанына тे-ренірек үңіліп, көз жүгіртіп оқи келе баққаным, «БОМЖ» дегендерінің кәдімгі үйсіз-күйсіз тентіреп, панаңыз жүрген жандар екендерін үқтym. Бұрындары оларды «БИЧ» деп атаушы еді. Ал, әлгі әңгімede осы қаңғыбастар өмірі баян етіледі. Қараптан-қарап отырып, «О, құданың құдіреті! Жазушылардың жазатын өңге тақырып, өзге мәселе құрып қалған ба?!» дегем де қойғам. Әрине, жазушыларға нені жазып, нені қою керек екендігін үйрететін біз емес. Алайда, өскелен үрпақ үлгі тұтар сол кезбе-қаңғыбастардың өмірінде не бар, айналайындар-ау?! Одан да жалпақ жүртқа болмаса да, өз кіндігімнен өрген үрпағым (немере, шөбере, шөпшегім) аталарының өткелекті өмірін біліп, өнегелі тұстарын бойларына сініріп, ойларына түйе жүрсін деген мақсатта осы қадамға барып отырмын...

Қырық жылдан астам қолыма Шопан ата таяғын үстап, қой бағыптын. Жәй ғана бағып қоймай өз уақытымның, өз заманымның талап тұрғысы бойынша еңбек етіп, қатарымның алды болып, абы-

рой мен мәртебеге бөлөніп, құрметке ие болып-пын. Өмірдің соқтықпалы-соқпақсыз, бұралан жолын өтіп, өзіме тиесілі бағым мен бақытымды тауыппын. «Бейнетсіз зейнет - тұл» дегендей, тәубе, бүгін абын бейнетіміздің тәтті зейнетінің дәмін татып отырған жәйіміз бар.

Кешегі біз өмір сүрген кеңестік кезеңде мен секілді талай мал бақсан, жер жыртып, егін салған ел, талай кітаптың кейіпкеріне айналды. Кеңес үкіметінің үлгі тұтар осы бір игілікті ісі қарапайым еңбек адамдарының мерей-мәртебесін өсіретін. Жас үрпақтың ата кәсібімізге деген ынтақыласын артыратын. Өкінішке қарай, бұл күндері сол бір жақсы әдет өз маңызын жоғалтып алған сыңайлыш. Еріксіз мен секілді жандар қолдарына қалам алып, ғибратты ғұмырларын өздері жазуды үрдіске айналдырыды. Ондағы мақсатымыз кешегі тәбемізден қайғы-қасіреттің қара бұлты үйірілген қанды майдан жылдарындағы басымыздан кешкен қыыншылық пен ауыртпалықта толы шақтарды, соғыстан кейінгі ес жиып, еңсемізді тіктеп қуаныш пен қызықтың дәмін татқан шаттықты кезеңдерді, сол аласапыран қайғы-қуанышы сапырылыс- қан өмірді бірге өткізіген жандар жайлыш көкейдегі ойларымызды хатқа түсіріп, тасқа басып келер үрпаққа жеткізсек дейміз. Біздің бұл қарекетіміз дұрыс па, бұрыс па, оны алдағы күн таразылап, бағасын келер үрпақ бере жатар. Ал, өз басым тәуекел деп, тас жұтып отырмын.

Алла ісімді онғарғай!

ТЕГІНДІ БІЛУ — ТЕКТІЛІК

Бұрынғы бабаларымыз «Жеті атасын білмеген - жетесіз» деп жатушы еді. Жеті атаңды білу қаншалықты маңызды екендігін айтып, талқылаудың қажеті болmas. Ол жайында аз қақсан, аз жазылып жүрген жоқ. Мен үшін түп-тұқияныңды білу. Өзінді-өзің тану деп түсінем. Сондықтан, өз тегімнің кімнен, қайдан шыққанын там-тұмдап болса да тілге тиек ету, үрпақ алдындағы парызміндеттерімнің бір парасы деп білем. Өсімдік екеш өсімдіктердің де өз тегі, өз түрі бар. Тереңнен нәр алып, тамыр салып, өмір сүруге талпынады. Оның да тіні, діні, бұтағы, бүрі бар. Мезгілі келгенде көктеп, уақыты жеткенде қурап, бүр жарып, жапырақ жаяды. Мұны тіршілік дейді. Демек, біздің де мына фәни жал-ғандағы ғұмырымыз үрпақтың сабактастығы ғана. Өмір сүрген аралықтағы өз міндет, өз парызымызды өтеп біткен соң, тіршілік тізгінің үрпағымызға ұстатьып, ата-бабаларымыз кеткен ұзак сапарға біз де аттанамыз.

Орта жүз қазақтары аға баласы санайтын Арғын ата балаларының ішінде өскен-өнген бұтағы Қаракесек екені еш күмән-күдік тудырмасы һақ. Мына іргедегі Қарқаралы, Шет аудандары мен

өзіміздің Ақтогайдың жарымынан басымы Қара-кесектен тарайды десем, еш қателеспейтін шығармын. Міне, осы Қаракесектің белді бір баласына Майлық жатады. Осы Майлықтың өзінен Аққозы, Қарамақау, Құсеп деген үш ата тарайды. Біз соның ортаншысы - Қарамақаудан шығамыз. Қарамақаудан - Төлеген, Тырмыс, Ботап. Төлеген-нен - Тастан. Тастаннан - Қуантай, Сыздық. Ботаптан - Байсейіт, Керней, Кернебай. Кернебайдан тұқым жоқ. Бәйсейіт деген кісіден менің аттарым - Бек-тұрған, Байтұрған есімді екі ұл туады. Жаңағы Бектұрғаннан менің әкем Елеусіз, Өмірзақтың үрпағы өсіп-өнген.

Өмірзақтан ұлдан Абылайхан жалғыз. Абылайхан ағамыз ертеректе елден кетіп, мына Балқашта орнығып, өндіріске араласқан кісі. Балалары да әке жолына түсіп, сол Балқашта кен балқытушы болып жұмыс жасайды. Абылайхан ағаның әкесі Өмірзақ әкеміздің өзі сонау 32-нің ашаршылық жылдары Балқашқа барып, жан сақтап, сол жerde тұрақтап қалыпты.

Өбекенің Балқашта орнығуының сырты сонда болу керек. Ал, Өмкеңің өзі 32-ші жылдардан көп үзамай дүниеден өтіп кеткен дейді. Біздің тарқатып жатқанымыз - сол әке-шешелерімізден естігендерек.

Әкем Елеусіз ағасынан бөлініп, ауылда қалған көрінеді. Момын, қой аузынан шөп алмайтын жуас біртоға кісі болыпты. Елеусізден үш ұл. Өкеміздің бейнесі есімде қалмапты. Ол кісі соғысқа кетіп, қайтпаған. Өйтепеір, сұлбасы жадымның бір

Метай ЕЛЕУСІЗ

түкпірінде сақталған сияқты. Бәлкім, көп күтіп, көп тосып, зарыққан бала қиялымның жемісі шығар?! Мен өзім Ұлы отан соғысының алдында - қырқыншы жылды туыппын. Әкей майданға аттанғанда бар-жоғы үш жастағы бала екенмін. Үш жастағы баланың есінде не қалуы мүмкін? Бірақ, әкемнің алдына алып, еркелетіп отыратыны жадымда қалып қойыпты. Бір әкеден біз алты-жеті ағайындымыз. Оның үшеуі ұл бала. Ең үлкен ағамыз - Ескелді. Қайтыс бол кетті. Шамамен 97 жылдары. Одан кейінгі ұл мен. Менен кейінгі үйдегі ұлдың кенжесі Әсемтай есімді інім.

Әкемізді майданға аттанбай тұрып, алдымен Қарағандыдағы еңбек батальонына әкетті. Еңбек батальоны дегеннің мәнісін - ол уақыттары баламыз - түсінуге шама қайда. Әлгінде айтқанымдай, бар-жоғы үш жастағы кезім. Көп нәрсенің мәнісін түсініп, байыбын білмесек те, бірденцелер еміс-еміс есімізде қалыпты. Алайда, көп жайға сәл есейіп, ес кіре бастаған шағымызда шешемізден сұрап, қанықтық. Бір күні еңбек батальонындағы әкеміз үйге оралды. Шиеттей бала-шағасы барын ескерсе керек, әйтеуір ауылға қайтып келді. Ауылдағы еңсе көтерер ер-азаматтың бәрі дерлік майданға кетіп, жаумен жан аяспай соғысып, отан қор-ғауда. Ауылдың басқармасы біздің бір нағашымыз екен. Әкейге «Әй, сені соғысқа жібермеймін, саспа, алып қалам» депті. Нағашымыз анадай дегесін, әкеміз ауылда ойында ештене жоқ, алаңсыз жүре берген. Жүре бергенде бос сенделбай жүріс емес. Мал бақтырып қойған. Өзі момын.

Хат танымайтын жан. Басқарманың дегеніне көнген де қойған. Біздің қазекенің ең жаман әдеттерінің бірі - өсек. Біздің ауыл өсек айтуға келгенде елден асып түспесе, қалыса қоймайды. Әйдә, гу-гу өсекті боратады ғой. Өсектің өрбүіне руы Қара - ел ішінде қашқын атанаңып, жасырынып жүрген Кемештің Шекені себепші болған сыңайлы. Ал, оның не бұлдіріп, не қойғаның бір жаратқан біледі. Ауылда кітаптары шықпаса да, өлең сөзге мершеп біздің Аққан атты жамағайынымыз болды. Марқұм Советтің әкесі. Советтің ақтоғайлықтар жақсы біледі. Ақын. Өлеңдері газеттен түспейтін. Жаңағы ағамыз әзілдеп, «әктептерге» тиетін өлең шығаралты. Онысы «колхозды ішіп-жеп қойдыңдар» деген астарлы қалжыңға сайса керек. Содан қарап жүріп, басына сор тілеп алады. Құланың қасынуына, шүріппенің басылуы дәп келіп, трудармиядан құтылып, ауылда жағасы жайлауда жүрген әкейді әлгілердің «Елеусіз еңбек батальонынан қашып, ауылды баспалап жүр» дәп жала жабуына сеп болады. Ол уақыт үкіметтің қылышынан қан тамып тұрған шақ. Ауданнан арнайы участковый келіп, әкемізді ұстап алып кетеді. Содан әкемізді алды-артына қаратпай, соғыстың алдыңғы шебіне бір-ак жәнелттіреді. Әкеміз сол кеткеннен, Аллаһу акпар, үшті-күйлі хабар-ошарсыз кете барыпты. Елмен байланысуға хат танымайды. Қайда жүр, не істеп жүр, өлі ме, тірі ме - мұндағылар білмейді. Әне, сөйтіп өсектің күші бір үйлі жанды алатайдай бұлдіріп, жарын - жесір, балаларын - жетім етіп тынған. Әлгі бір әлетте айттым

Метай ЕЛЕУСІЗ

ғой, әкемізді ұстап әкетіп бара жатқан кезі еміс-еміс есімде деп. Денгелбай деген қыстақтағы құлтөбенің басында улап-шулап, шешеміздің ете-гіне оралып қала бердік қой. Өшігудің арты ақыры Ақкенді де жай қалдырмай соғысқа әкеткен. Кей-індері жолым түскен сайын Денгелбайдарғы құлтөбеге соғып, әкейді есіме алып, өткенге ой жүгіртіп, салауат айтып қоям...

Қыстақтағы екі бөлмелі үйде төрті отбасы тұрдық. Ішіндегі баскөтерері Нұрмағанбет есімді шал. Қожамберлі руынан. Жақсы адам. Қалжынқ-ой. Бізді «Өй, шаталар» деп атаяу сөзінің мәтелі болатын. Бірақ, ар жағында зіл жоқ, бір құдай бере салған жан еді, жарықтық. Соғыс уақыты жа-лаңаяқ, жалаңбыт. Киім дегеннің тапшы, қатуағы. Ұзақты құн қамауда отырып, әбден ішіміз толып, опыр-топыр далаға атып шыққанымызда, Нұрекен күндей күркіреп, жеті атамыздан сыйқыртып, там-тық қалдырмай сыбап, үйге қуып тығады. Ол кісінің боқтағаны бізге «айналайындар» дегенмен бірдей. Сусынымызды қандырған қылышын қызық көріп, далаға қайта-қайта атып-атып шығамыз. Ана кісі тұра тап береді, қайыра қашып топырлап үйге тығыламыз. Ішімізде өзінің Кінар, Мұкарам, інісінің Айтбай, Ерліс есімді балалары да бар. Шешелеріміз таң бозынан далада, жұмыста. Ол нендей жұмыс - білсек бүйірмасын. Нұрекен си-ырда. Соғыс жылдары, соғыстан кейінгі жылдары елдің негізгі тағамы қуырылған бидай мен түйілген жарма. Шешелеріміз бидайды кебегінен айрып, ұшырып, қуырып, келіге түйіп, талқан жасап, бізге

талғажау етеді. Келі-келсап біздің бала кезгі, көзіміз әбден қаныққан, жанымызды сақтап қалған асыраушы құралымыз. Бір жолы мынадай қызық болғаны бар. Кілең бала-шаға үйде қамакта қалғанбыз. Ұзақты күн үйде омалып отыра бергесін, бала шіркіндердің іштері толмай ма? Не қылыш пәлені ойлап табуға да шебер-ақпыш. Бірде әбден зерігіп, не істерімізді білмей анадайда тұрған келінің түбіндегі талқанның жұғындысын кім алып, жей алады деп бәстестік. Келі үлкен, түбіне қолымыз жетіңкіремейді. Қисайтып та, төңкеріп те көрдік, түк шықлады. Мұқарам «келінің ішіндегі талқанды басымды сұғып жеймін» деп, өзеуреп, өжіктеп болмады. Біз тұс-тұстан «жей алмайсың, жей алмайсың» десіп, шу ете тұстік. Қайраған түріміз. Ол «жеймін» дейді. Біз «жей алмайсың» деп, одан сайын делебесін қоздырып қоямыз. Ақыры, не керек, бәстестік. Мұқарам келіге басын сұғуын оп-оңай сұқты. Пыс-пыс, ырс-ырс етеді. «Жеп жатсың ба?» дейміз. Келінің ішінен құмыққан үн «ықы» дейді. Қызығып кетіп, «шық, біз де жеп көрейік» дейміз. Мұқарам басын келіден шығарайын десе, шықпайды. Олай әуреледік, бұлай әуреледік, түк болар емес. Мұқарамның зәресі үшайын деді. Біз мәз-мейрам ішек-сілеміз жатып, күлкіге кенеліп, өзімізben өзіміз. Мұқарам болса, басы келінің ішінде, қорсылдаپ жылап жатыр. Келіге кептелген Мұқарамның жайын айтып үлкендерге жүгірдік. Сөйтсек, келіге бас оңай кіргенмен, кептеліп, кері шықпайды екен ғой. Баламысың деген! Оны біз қайдан білейік?! Әрі әурелеп,

Метай ЕЛЕУСІЗ

бері әурелеп болмаған сон, үлкендер келіні жару керек деп шешісті. Сөйтіп, Мұқарамның кептелген басын келіні жарып, әрең шығарып алғаны есте. Айта берсек, балалық шақтың қызықты кептері көп-ақ. Оның бәрін айтып таусыу мүмкін емес. Әрі қажет те емес шығар...

Мұқарам бүгінде марқұм боп кетті. Тақыр басы сап-сары бала болатын. Біздің басымыз да таптақыр. Бірақ, қап-қара. Ал ананың басы ерекше сап-сары болатын. Бәлкім, содан ба әкесі «Сарыбас» деп атайды.

Сөйтіп жүргенде, сүйіншілеп, соғыс бітті деген хабар да жетті елге. Жұрт бір жылап, бір күліп, есі шығып жүр. Бірте-бірте ағып-тамып, майданнан ер-азаматтар да қайта бастады. Негізі қыншылық, жоқшылық адамды ерте есейтеді ме деймін. Бала көніл, шіркін, ғажап қой. Әкемізді іздең, сарылып, сағынамыз. Майданнан оралған кісілердің тізесіне отырып, құдды бір әкеміздің алдында отырғандай се-зініп, бір жасап қаламыз. Өне-міне әкеміз келіп қалатында елегізіп, жол тосамыз. Жарықтық, мені қатты еркелетуші еді. Соғысқа кеткенінде Әсемтай іште қалған бала. Әкемізді көре де алмай қалды. Сонда бар жоғы бес жастамын. Інім Әсемтай екілер шамасында. Бірде «Ойбай, Елеусіз келе жатыр, Елеусіз келе жатыр!» деген сыйыс жетсін. Қуанышымызда шек жоқ. Жүрегіміз алып-ұшып, қашан әкемізді көріп, мауқымызды басып, қеудесіне басымызды сүйеп, тізесіне мініп отырғанша асықпаз. Сөйтсек, хабар жеткізуші кісі қағыс естіп, келе жатқан майдан-

гер басқа біреу болып шықты. Көңіліміз су сепкендей басылып, құлазып сала берді. Дегенмен, «үмітсіз – шайтан» демей ме. Көпке шейін әне кеп қалатындағы, міне кеп қалатындағы - үмітіміз үзілмеді. Өкінішке қарай, әкеміз ақыры майданнан қайтпады.

Әкемізбен тағы бір туысатын Болтайхан деген немере ағамыз бар-тын. Қарқаралының балалар үйінде болған. Кейін Балқашқа барып, сонда зауытқа жұмысқа тұрып, Ленин орденін, Қызыл Ту орденін алған үлкен металлург атанды. Өнген-өскен әулетке айналды. Бала-шағалары да әке жолына түсіп, зауытта істеп жүр. Бір жолы сол ағамыз жетімдер үйінен шығып, іздел, тауып алған апасының ерімен, яғни, жездесімен бізді іздел келді.

– Сонда, жетімдер үйінде жүргенімде, туыс-туған атаулысынан артымнан «бауырым бар еді» деп, іздел келген Елеусіз тәтем еді, - деп, әкейді еске алып көзіне жас алып еді. Әкейді «тәте» дейді екен. Бертінде зейнеткерлікке шығып, тоқсанышы жылдары қайтыс бол кетті. Өмір бойы ыстық пештің қасында болған. Балалары да еңбеккор. Жақсы,

Арғы аталарымыздың ішінде ерлігімен елге танылғаны Төлеген бабамыз. Қалмақтармен арада дамылсыз болған соғыстарға қатысып, батырлығымен, ерен күшімен елдің аузына іліккен. Баласы Тастан да батыр болған деседі. Сол бабамыз жаулармен арада болған кезекті бір қақтығысқа қатысады. Соғыс әлгі батырлар жырында баянда-

Метай ЕЛЕУСІЗ

латындей, ертеден кешке ұласып, найза қысқа-
рып, таяқ, қылыш қысқарып. пышақ болып қалды
дегендей, күні бойы қырғынға айналады. Ақыр
аяғы женісе алмаған екі жақ жекпе-жекке батыр-
ларын шығарады. Біздің жақтан Төлеген бабамыз,
қалмақтар жағынан бір керемет дүлей диу шыға-
ды. Екі батыр бірін-бірі ала алмай, жекпе-жек
ұзаққа созылады. Алайда, айласын асырған
қалмақ батырының найзасының ұшы бабамызды
мойынына қадалады. Бабамыз сонда да аттан
құламай, ананың найзасын қағып жібергенде най-
за сынып кетіп, үшкір ұшы мойын сүйегінде қалып
қояды. Жаралы бабамызды сарбаздар ауылға әке-
леді. Енді сынған найзаның ұшын алайын десе,
ешкімнің шамасы келмейді. Бәлкім, жүректері да-
уаламады ма? Кім білсін?! Әйттеір, Төлеген батыр
мойын сүйегіндегі найзаның болат ұшын екі сау-
сағының құшімен суырып алыпты.

Одан беріде көптеген уақыт өтті. Батыр баба-
ларым жайлы алды-артымызды болжамайтын жа-
стықтың әсерімен, аңғырттықпен, албырттықпен
жүріп, көнекөз қариялардан мандытып, мардым-
ды мағлұмат алып қала алмапты. Тек үлкен
кісілерден қалмақтармен арадағы барымта-
қарымта кезінде қолды болған жылқыларын соңы-
нан қуып барып, қайтарып алғандығын баяндай-
тын өлең естіген едім, соның есімде:

«Төлеген, Тайлан,

Айдал шықты көп жылқыны терен сайдан,» - деп
келетін бір-екі жолдары ғана қалыпты. Ол кісінің
өзі ерен күш иесі, дауысы кереметтей зор болты.

Қатты айғай салғанда мама ағаштағы аттар қорыққандарынан қалшылдап, сиіп-сиіп жіберетін көрінеді. Қалмақ батырының наизасының сынық ұшын алғаннан соң, сол зор дауысынан айырылып қалыпты. Ал, қолға ұстаған наизасының ұзындығының өзі екі-үш құлашты қамтыпты. Төлеген батыр жайлы Габдиман Игенсартов деген жазушы жазыпты деп естімін. Кейіндегі мына Қарқаралы жақта тұрған, руы Майлық. Тағы бір бабамың құшінің кереметтігін сипаттайтын бұрынғыдан жеткен бір әңгіме былайша өрбиді. Үлкен бір ас па, той ма? Әйтеуір, сахараның түкпір-түкпірінен қалың ел бас қосқан жыын өтіпті дейді. Той болғасын ат шауып, балуандар белдеспей ме? Асқа Шыбыл деген балуан келіпті:

- Мен Төлегенмен ғана күресем, - депті елге.
Делебелері қозып, еліріп алған ағайын бабамызға «әйда, күрес те, күрестің» астына алып, болмапты. Бабам үзілді-кесілді күрестен бас тартыпты. Шыбыл сәлемдескен болып, баба-мыздың қол беріп, құшін сынап көргісі кепті. Төлеген батыр қасына кеп жайғасқан Шыбылға «Мына етігінді кім тіккен, ей, жақсы екен» деп, саптамасын ұстап, өкшесінен екі рет қысып-қысып жіберіпти. Шыбыл ләм-мим деместен орынынан тұрып, жүре береді. Былай барып етігін шешіп байқаса, өкше сүйегі үгіліп кетіпти дейді көргендер...

Төкең негізінен қақ-соқпен шаруасы болмаған. Ағасы Сүттібай айналаға танымал би-болыс ауқатты адам. Төлеген бабамыз сол өз әулеттерінің малына иелік етеп, бас-көз болады екен. Төле-

Метай ЕЛЕУСІЗ

геннің түсі сүйк айбарлы кісі болған деседі. Сүтте-
кеңің балалары малдарының ішінен өз беттерін-
ше барып, мініске жылқы алуға жүректері дауала-
майтын көрінеді. Сонда, әлгі кісі жүгендерін ұстап,
кеп тұрған оларға «Әй, неғып жүрсің?» деп сұра-
ғанда, аналар міңгірлеп, «ат керек еді» дегенде,
бұғалықты салып жіберіп ұстаған жылқаларын
алып, жөндериңе жүре беріпті. Барымташылар
«Жылқыда кім жүр?» деп сұрағанда, «Төлеген» деген-
ді естісе, малға маңайламапты.

Осы Төлеген бабамыздың тікелей үрпағы-
біздің әкеміздің ағасы Өмірзақ бабамызға тарт-
қан зор денелі, басының өзі қазандай ірі кісі бол-
ғанын, бәстескенде екі үртyna тоғыз-тоғыз
құрттан он сегіз құрт сыйып кететінін Ақтоғай
ауданының сыйлы ақсақалы, Қазақ ССР-інің үздік
мұғалімі, қарт ұстаз Асқар Сейдахметов ағамыз-
дың әкесі Сейдахмет ақсақал мен Өмірзақ
әкеміздің соңынан еріп бірге жүріп, көзін көрген
көнекөз шалдар жылап отырып, жыр ғып айтЫП
отыруши еді.

Әлгі әкелеріміз Алатау жаққа кіре тартыпты. Сол
сапарлары барысында былай деп баян еткен
әңгімесі бар еді:

– Сегіз түйеге артқан жүгіміз бар. Елге оралып
келе жатқан бетіміз. Жол торыған қарақшы деген
масқара. Аяқ алып жүре алмайсың. Анау-мынау
кірешілерді тонап, жүргізбейді. Балқашқа жақын-
дай бере қоналқыға тоқтап, от жағып, мосы құрып,
бір тоқтыны сойып, ет асып жеп отырғанбыз.
Ішімізде Өлтеке руынан бір жігіт бар-тын. Өлтеке-

Өмірім-өнегем

лердің жауырынға қарап, көріпкелдік айтатын қасиеттері барын білеміз. Өлгі Өлтекемізге әзілдеп, асылған еттің ішіндегі жауырынды ұсынғанбыз. Жауырынды қолына үнсіз алып, мұжіп отырған өлгі серігіміз сүйекке қарап «Ойбай! кеп қалды, кеп қалды! Жиналайық, жиналайық! Сегіз адам келеді, сегіз адам!» десін.

– Ей, мынау не деп отыр, деп аса мән беріп, қозғала қоймадық. Айтқандайын, кішкенеден кейін, таяп қалған ат дүбірі естілді. Сасқалақтан орынымыздан атып-атып тұрдық. Көлігіміз - түйе. Өмкен сасатын емес. Қолына ұзын сырқытай сойылын алған. Өне-міне дегенше, қарандыдан қарандап, он шақты атты үстімізге жетіп келді. Өмкен сойылын сілтеп, қарақшылардан түйелерді қорғап жолатпай ұрыс салып жүр. Біз де өз әлімізше қарекет қылған боп жатырмыз. Өмкенің сілтеген сойылы үш-төрт қарақшының тірсектері мен тізелеріне тиіп, аттан баудай түсіріп үлгерді. Тегінде Өмірзак әкеміз кісі қанын мойынына жүктемеген жан. Жауларын тек қана тірсектен соғып құлатады. Ал ол кісінің соққысы тиғен адамға қайыра атқа міну жоқ. Қарандыда улап-шулап, қарақшылармен шайқасып жатқан мезгілде бір-екі қарақшы жүк артқан түйенің біреуін алып кетіпти, - дейді, сол кіреде болған біздің Бәкір деген әкеміз бен өлгі Сейдахмет ақсақал.

– Біз Өмкенің ұрып түсірген қарақшыларына әрен ие болып жүрміз, - деп күлетін. Келе жатқан қарақшылардан зәресі ұшқан жаңағы Бәкір әкеміз Өмкене:

Метай ЕЛЕУСІЗ

– Ағатай, жан сауға! Қарсыласпай, бере салай-
ықшы, - деп, шырылдап жүрген көрінеді. Сонда
Өмірзақ әкеміз:

– Өй, найсан! Бере салғаның не? – деп, жекіп
тастапты.

Өмірзақ әкеміз туралы бұрынғы үлкендер осы-
лайша ауыздарының сұзы құрып, әңгіме шертуші
еді. Балалықпен, шалалықпен естіген көп жай ес-
тен шықты, ұмытылды.

Елеусіздің кіндігінен өрген үш ұлдың үлкені.
Ескендір ағатайым осы аудан көлемінде алғаш-
қылардың бірі болып, техника тілін менгеріп, ар-
найы оқып, трактор айдаған адам. Алғашқылар-
дың бірі болып, осы ауданның тың жерлерін игеріп,
жер жыртып, егін салған. Бүгінде кейбір еті тірі
пысықайлар тыңға қатыспақ тұрмак, өгіз жетек-
теудің не екенін көрмесе де, тылдың, тыңның ер-
лері атанаپ, алшаң басып жүр. Ал, өмір бойы трак-
тордан түспей тер тәккен Ескендер атаусыз
қалды. Бір жағы - ол уақыттың шындығын айтатын
адамдар да қалмады ғой. Соны көріп, кейде ішің
удай ашиды. Осы да әділеттілік жата ма енді?!
Ескеңнің бәйбішесі өзінен бұрынырақ өмірден
озған. Екі ұлы бар. Үлкені үйлі-баранды Балқаш-
та, зауытта. Кішісі - ауылда. Бір шаруа қожалығын-
да. Үлкені Сайлаудың өзі келінді болып үлгерген.
Екі ұлды. Бір баласы сол Балқаштың техникумын
бітірген, екі ұлы да зауытта жұмыс істейді...

Шаңырактың кенжесі Өсемтай ұзак үақыт осы
аудан басында болды. Жолдасы – Бақыт, Ақто-
ғайға белгілі дәрігер. Бір ұл, бір қыздары бар.

Ұлдың аты - Еркін. Қызының есімі - Айзат. Мұғалім. Өсемтай сол Астанадағы баларының қолына көшіп барған.

Менің өз кіндігімнен алты бала тарайды. Бес қызы, бір ұл. Ұлымның аты - Нұртай, оқу атаулысын кішісінен бастап, ең жоғарғысына шейін училище, техникум дейсің бе, әйтеуір, бірін қалдырмай оқып, тәмәмдап шыққан. Бірнеше дипломы бар. Университетте оқып, заңгерлік мамандық та алған. Істейтін қызмет болмағасын, қыстақта шаруашылығыма қолғабысын тигізіп жүр.

Міне, біздің әулеттің мен білетін өмір тарихы, сыр-шежіресі осы. Әulet болғанда, арғы-бергі тегімізді түгендер, шежіре тарқаттым демеймін. Тек өзімнің бергі бұтағымызды тілге тиек етіп, білгенімді баян еттім. Діттеген жеріне жетпей, кемшін түсіп жатқан тұсы болса, ағайын сөге-жамандамас...

БЕЙНЕТІ КӨП БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Балалық кезіміз соғыстың қасіретке толы кезеңімен тұспа-тұс келіп, қындық пен ауыртпалықтарды бастан кешіп, бейнетті көп көріп, ер жеттік. Ол уақыттың бізге қаншалықты ауыр соққанын менің тұстастарым үмита қоймаған болуы керек. Біздің алдымыздағы аға буын өкілдерінің де қатары сиреп, қадау-қадау әр ауылда саусақпен саnarлық қана қалды ғой.

Әсіресе, соғыс жылдары ел қатты тарықты. Оның ішінде жетім-жесір, жалғызлікті жандар жоқшылықтың азар-азабын шектен тыс көп шекті. Әлі күнге есімде. Құздің кезі. Әділов Сәбет деген бала екеуміз окуда жүріп, завферме болып істейтін жездемнен өгіз сұрап алып, ауылға тарттық. Сәбеттің әкесінің ағасы тірі, қорғанышы мықты. Менен жоғарырақ оқиды. Бірлі-жарым жас үлкендігі де бар. Ауылға барып қайту туралы ой да содан шыққан. Бәрі қу тамақтың жоқтығының кесірі. Үй қай бір жарылқанып отыр. Жалғыз сиырдың сүтіне қараған шақ. Ауылға келуін келдік. Келгеннен не пайда - оның үйінде де, біздің үйде де тіскебасар дәнене таппадық. Қарнымыз ұлып тұр. Үйлерде тек қана кіп-кішкене, кіп-кішкене

шиеттей бала. Осы күні ес білмейтін балалардың ауылды өртеп жібермей, қалай отырғандарына қарадай қайран қалам. Әрі-бері жүріп, ішіміз пысты. Өзімізді-әзіміз алдарқатып, асық ойнаған болдық. Оданда түк пайдада болмады. Есідертімізді тек тамақ жаулап алған. Содан Сәбет тұрып:

– Давай, қырманға барып келейік, - деді. Өгізге мініп алып, қырман қайдасың деп, қырманға тартық. Қырмандағы шалдар көрсе, бас салып, «әйшәй» жоқ атқа, өгізге мінгізіп жұмысқа жегеді. Қырманнан әрі таман картоп егіл-ген. Шешелеріміз сонда картөшке жинап жат-қанын білеміз. Шалдардың көзіне түспей сай-сайды, жота-жотаны бұқпалап, солай қарай айдадық. Бізді көре сала шешелеріміз:

– Өй, мәжүбастар, қайдан жүрсіңдер? Е-е-ей, құлындарым-ай, қарындарың ашты ма? – деп, қайтсін, айналып-толғанып жатыр. Айналып-толғанғанмен қарнымызды тойдырып, жарылқап та-стар және түк дәрмендері жоқ. Тәртіп қатал. Бақылау күшті. Біргәдірлер бір уыс дән, бір қадақ бау алғаныңды көрсе, құрыдың. Жаңағы жерде көзді ала беріп Сәбеттің шешесі қалтасына қос картөшке, менің шешем қойныма бірер картөшке тығып жіберіп:

– Тез үйге барып, отқа қақтап, пісіріп жей қойындар, - деп, шығарып салды. Сәбет екеуміз кәдуілгі әлгі қос картөшкені құдды бір шешелеріміз болаты түйе жетектетіп жібергендей көріп, мәз болып үйге қайтуға бет түзедік. Құдайдың ғана

Метай ЕЛЕУСІЗ

құдіреті-ай, атын атауға аузым бармай тұрғаны!
Сайтанның сапалағындақ қайдан сап ете қалғанын білмедік - біргәдір жетіп келсін! Келе тепсініп, сусынымызды қандырып:

- – Өй, өңшең бандының балалары! Халық жауының күшіктері! – деп, алдына салып, ысқыртып қырманға алып келіп, әй, ит-ай, қалтамыз беріңіздеңіз жытырып үлгерген қос-қос кәртөшкені қайтарып алды-ау. Сондағы бар жоғы төрт-ақ кәртөшке ғой. Әлі күнге сол бір шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенділердің елге көрсеткен қиянат қылықтары есіме түссе, тұла бойым тітіркеніп, дәрменсіз бір күй кешем. Құрысын, содан қырманнан құр алақан өгізімізді тегендетіп, үйге қайтып келеміз. Сәбет қорсылдаپ жылап келеді.

- Өй, қойсайшы, - деймін мен. Ол қояр емес.

- Өлгі ит біздің әкеміздің жоқтығын басынды, - деп, одан сайын еңірейді кеп. Әне, басымыздан сондай да келенсіз кептер өткен. Енді бірде Құрал деген құрдасым:

- Өй, жүр! Масақ теріп қайтайық, - деді. Құралдың әкесі бар. Мен болса-болмаса, жетіммін. Егіс алқабында қалған бидай масақтарының қалдықтарын жинап, қуырып жемек қой ойымыз. Содан, егінжайды аралап жүрсек, бір жерде сол беті бір бау бидай жатыр. Құралға жалма жан:

- Ойбай, мынаны қара, - дедім, есім шыға. Екеуміз жерден жеті қоян тапқандай қуанып, бауды бас салдық. Біреу-міреу көріп қоя ма деп, бір жағы зәреміз де қалмай барады. Айналамызды қарасақ,

жан баласы көрінбейді. Екеуміз баудың екі шетінен ұстай алып, зымырап, бір жардың ішіне отырақалып, масақтарды үгіп біткен кезімізде қарауыл Шағыров Хасен деген кісі шауып, жетіп келсін. Біздің әкеймен аралары жақсы болатын-ды. Келе әлгі ақсақал:

— Өй, өңшең иттің балалары. Не істеп жатырысындар? Үрлік жасап жатсындар ғой сендер! — дегенде, ішімнен «ойбой, құрықтық-ау!» дедім. Жарықтық бізді көрген кезде боктап жүретін. Алайда, боктауының артында зілі болмайтын. «Айналайын» дегенмен бара-бар-тын. Әлгі кісі салған жерден:

— Мыналарың не! Сабаның адам осылай тастай ма еken, - деп, аттан секіріп түсіп, тастың қуысқуысына шашылған сабандарды жиыстырып, өзі тығып жатыр, жарықтық. Сосын:

— Ал, енді алындар, ана дәндерінді. Құрындар сосын, көзге көрінбей, - деді әлгі мың болғыр. «Бидаймызды сыптырып ала ма?» деп зәреміз қалмай тұрған біз қуана-қуана алды-артымызға қарамай зыттық үйге қарай. Өне, осындей да жақсы адамдардың шарапатын көргенбіз біз жоқшылық жылдары.

Қызыларай аулында қайғы-қасіреттің дәмін татпаған шаңырак кемде кем шығар. Неміс басқыншылармен болған қан майданда бірі жарынан, бірі баласынан айрылды. Майданнан аман-есен оралғандарының да қағанағы қарық, жетісіп кеткендері де шамалы. Біреудің тәні жаралы, енді бірінің жаны жаралы. Әйттеуір, қамкөніл ел. «Уақыт —

Метай ЕЛЕУСІЗ

емші» деп жатпай ма. Қашанғы жұрт қайғы жұтып, құсалана берсін. Тірі жан тіршілігін жасайды деген. Ел бірте-бірте ес жиып, бейбіт өмірге бейімделіп, етек жауып, еңсе көтере бастады. Жетімдік деген қай бір жақсы?! Өз басым тоғыз жасымнан еңбекке араластым. Оны бүгінгі балаларға айтсан, ертегі айтып отырғандай сенімсіз қарайды. Әкесі бар балалар біз секілді қаршадайынан жұмысқа жегілген жоқ. Бізге қарағанда, олардың жағдайлары бір табан жақсы, айт пен тойдай болды. Бозала таңнан тұрып, аш құрсақ, жұмыс деп, жінікпейді. Ал, бірақ, солардың көбі бүгінде «мен бәлен жасымнан еңбек еттім, түген жасымнан жұмысқа жегілдім» деп үялмай, қызармай бөскенде, керемет!

Жағдайдың жоқтығынан мен мектепке кешеуілдеп, ересек тартып бардым. Оның өзінде үйден қашып барып, оқыдым. Он жасымда. Мен секілді оқуға кешігіп, сары тіс бол мектепке барған балалар жыртылып-айрылады. Бәріміздің басымыздағы жағдай ортақ - сол жоқшылығы түскірдің салдары ғой бәрі. Интернатта жатамыз. Интернат деген аты. Киім - қат. Тамақ - тапшы. Тапшы емес, қуырылған бидайдан басқа тіскебасар тамтық жоқ. Эрна деген неміс кемпір аспазшы. Әлгі қуырылған бидайды тауыққа тары тастағандай бізге шөкімдеп, қасықпен бөліп береді. Ол байғұсқа не кінә? Жоқшылық кезен. Қазір жетпістен асып кетті - Ізбасар деген бала бар-тын. Соның бізге қылжақтап:

– Балалар, отырсындар маған қарап,

Бидайды бөліп жатыр Эрна санап, - деп шығарған өлеңі болушы еді. Толық нұсқасын ұмытыппын. Бірақ, сол екі жол өлеңін өзінен сол кездегі біздің аш-жалаңаш жәй-күйімізді анық көресің. Баржогы жеті оқитын баланың өлеңі ғой. Қайта мына тың көтерілгеннен кейін ауызымыз асқа жарып, халіміз жақсара бастады. Жатын жайымыз сұық. Интернаттың берген жұқа жамылғысы жанға қамсау бола ма? Үйден көрпе әкелеміз. Балалардың бәрі мен секілді жүдеу-жадау. Дәuletі тасып, сәүлеті артып кеткен еш-қайсысы жоқ. Ертегі-кеш - үялатыны жоқ, ішегі-міз шұрылдаپ - ойлайтынымыз да, әңгімеміз де тамақ еді. Ара-тұра тіптен болмағасын, үйге қашамыз. Қашып барғанда, үйдегілердің мейманасы тасып, езулерінен ақ май ағып, шекелері шылқып отырғандары шамалы. Ауызда-рынан жырып, бізге тосатыны, баяғы сол бір уыс құрылған бидай, шөкімдей талқан-жарма. Соған кәдімгідей мәз боп, тоғайып қаласың.

Мектепке кешігіп барсам да оқуға деген құлышынысым жаман болған жоқ. Қашан әскерге әкеткенше, оқудан қол үзбедім. Алғаш мектеп табалдырығын аттап, бірінші сыныпқа барғанда тілімді сындырып, қолыма қалам ұстатқан мұғалімім Бөлетаева Майраш деген апай. Жалғыз баласы бар болатын. Бірге оқыдық. Руы - Өлтеке. Жолдасты Қызыларайға, біздің ауылға партком боп келген. Бертінірек қайтыс болды. Жалғыз үлдарының аты - Женісбай. Менен бақандай бес жас кіші. Ол уақыттары жас алшақтығына қарамай, бірге оқи беретін. Немістерді женгесін, атын Женісбай деп

Метай ЕЛЕУСІЗ

қойған болу керек. Баласымен бірге оқып, бірге жүргендіктен бе, қайдам, маған өте жақсы қаралды. Және екеуіміз де сабақта жақсы болдық. Диктант жазып, есеп шығарсақ та, қатесіз жақсы оқыдық. Экзамен тапсырсақ та, жақсы баға алатынбыз.

Мектебіміз Мәдениет деген жерде. Қазіргі Қызыларайға кіреберісте, орындары бар. Сол жер бұрын колхоздың орталығы-тұғын. Емтихан тапсыру - үлкен бір шара. Барлық балалар бір жерге жиналышп, емтихан тапсырамыз. Сондай бір емтихан тапсырып қайтып келе жатсақ, әлгі кісі атпен артымыздан қуып жетіп, «Ой, айналайындар, жарадындар! Көп жасандар! Бүкіл мектеп бойынша бес алған екеуін boldындар!» деп, қатты қуанып, арқамыздан қағып, мәндаймыздан сипағаны есімде.

Берікүрсақ, наш-жалаңаш жүріп, сейте-сөйте жетінші сыныпты бітіріп, сегізге көштік. Мектеп директорынан бастап, мұғалімдерге дейін сыйлымын. Сабағым жақсы. Тәртібім - бес. Қоғамдық жұмысқа пысықпын. Бұл - шамамен елуінші жылдардың аяқ шенінің мұғдары. Үй Шағыр деген қыстақта.

Менің алдындағы Ескелді шешеміздің қолында. Бірақ, үйде деген - аты. Қыс түссе болды, Ертіске кетеді. Сонда жұмыс істейді. Шешей - күтімші. Негізгі табыс табатын жаңағы Есken. Шағырдағы отырған елдің бәрі ағайынды жандар. Қоғамдасып, селбесіп бірге күн көреміз. Қызыларайдан жеті-сегіз шақырым жер. Құннің жауын-

шашын, боранына қарамай, сабақтан қалмай, өгізбен қатынап оқу қыын. Содан еркісіз интернатта жатып оқуға мәжбүрміз.

Солжылдары нұсқау шықты ма, білмедік. Әйтептердің жаңынан тәжірибе ушәскесін ашу керек деген бастама көтерілді. Содан, қай колхоздың мектебі алға шықса, сол колхоз басынан он жылдық мектеп салынады деген ауданның талабы болды. Мен - комсомолдамын. Марқұм мектептің партия үйымының секретары Әзімбек деген бір жақсы адам еді. Өзі соғысқа қатысқан. Екі мәрте «Қызыл жүлдyz» орденін омырауына қадаған. Түсі суық. Балаларға қатаң қарайды. Түрінің алапатынан-ақ сескеніп отыратынбыз. Бағаға керемет саран. Сабак айтқанда қанша тырысса да, үштен артық баға қоймайтын. Неге екенін қайдам, әлгі иманды болғыр, маған кілең бес қоятын. Балалар маған «Ей, сенің не пәлен бар осы, сабақты сенен қанша артық айтсақ та, не тәрт, не бес деген баға бүйірмайды» десіп, таң қалысадын. Әзекенен көп тәрбие алдым. Маған ықыласы ерекше ауды сол кісінің. Менімен жасты Өр-миял деген ұлы бар. Мені мектептің комсомол үйымының хатшысы міндетін атқаруға үгіттеді. Балалардың көбі мектеп жасынан жастары асып кеткен кілең зіңгіттей-зіңгіттей жігіттер мен бой жетіп қалған қыздар. «Ойбой, мұғалім! Қолымнан келмейді ғой» деп сyltauratyp қашқақтап ем, «Қолыңнан келеді. Сенен қолайлысы жоқ. Саспа, қорықпа! Әзім көмектесіп, бас-көз болам» деп тақымдал, қоймады. Еріксіз келісім беруге тұра

Метай ЕЛЕУСІЗ

келді. Сөйтіп, мені мектептің комсомол ұйымының секретары етіп сайлады. Сабак басталып кеткен. Сентябрьдің іші бір күні Әзекең мені өзіне шақырып алып, «Метай, айналайын, бір шаруаның ұшы шығып тұр. Соның басшылығын өзіңде жүктегелі отырмыз» десін. Алдында етеп мектеп жанынан тәжірибе ушәс-кесі ашылады дегенді құлағымыз шалып қалған. Ішім қылп етіп, бірден сезе қойдым. Бірак, тұқ білмеген кейіп танытып, сөзінің ауанын бағып, артын тостым. Қасында мектептің деректірі марқұм Жақатаев Айтқан. «Вот, понимаете!» деп, отыратын сөзінің мәтелі болатын жарықтықтың. Қарқаралының жігіті. Шекшек руынан. Айткең:

— Қарағым, Метай! Біз мектеп жанынан тә-жіри-бе ушәскесін ашып, қарауымызға колхоздан бір табын ірі қара алғалы жатырмыз. Соған басшылық етуге мына партком екеуміз сені лайық деп шештік. Давай, бел шешіп, осы істі өз қолыңа ал, - деп, қолқа салды. Мен «ойбай, оқуымыз бар емес пе?» деп сырғақтаған болам. Деректір:

— Оқуды уайымдамаңдар. Мал күтүмен сабактан тыс үақытта екі ауысыммен кезектесіп, шұғылданасындар, - дегесін, көнбекенде қайда бара-сың.

— Жарайды, - дедім. Соғыстан соң колхоздың ауқаты артып, жандып, жанадан құрылыштар жүргізіле бастаған. Өзеннің арғы қабағында жақсылап, бір қора салып жатқан. (Тап сондай қора кейін совхоз тұсында да салынған жоқ.) Жаңағы қораның іші еденіне

дейін тақтай төсөніш, малғаш шөп беретін оттық, ақырлары, тұмсығымен итеріп, мал су ішетін құбыр тартып, тостақ қондырғыға шейін орнатып қойған, сыңғырлап түр. Су ішетін қондырғысын қоса алмады. Қалғанының бәрі тамаша енді. Паркком:

– Жаңа қораны бізге берді. Жүр, екеуміз соны барып, аралап көріп, қайтайдық, - деп, қораны барып көрдік.

Ноябрьге қарай Өзекен екеуміз пермеге барып, әлгі сиырларды айдалап қайтық. Кілең бітеу құна жын. Бір бұқасы бар. Бас-аяғы алпыс бас. Қардың жаңа-жаңа түскен уағы. Оншақты мәшине шепті қораның қасына түсіріп берген. Байқаймыз, шөп аздық ететін түрі бар. Көкшолақ атымыз бар. Малды кезектесіп бағамыз. Балалардың арасындағы сиыр бағатын ересектері Шібиев Жеткін, Тохметов Амантай, Үқыласбеков Сәду деген ересек, естияр тартып қалған оқушылар. Қазір солардың бәрі мен секілді шал. Ол уақыттың балалары еңбектен қашпайтын. Білек сыбанып, кез келген шаруа, іске бел шешіп, белсеніп кірісіп кететін. Малды тауға жаямыз. Таңертең айдал кетеміз, кешке қарай айдал келеміз. Әр сиырды орын-орынына байлаймыз. Жұмысымыз жанданып, малымыз - қүйлі. Қеніліміз - көтеріңкі. Колхоздың басқармасы Ибраев Мәнсүр деген кісі. Ара-тұра соғып кетіп, арқамыздан қағып:

– Жарайсындар, - деп, дем беріп қояды. Менде маза, тыным жоқ. Сабак, шаруашылық, мектептің комсомол үйімінің жұмыстары, анда-санда аудан орталығына жиналысқа барып тұрам.

Метай ЕЛЕУСІЗ

Көлігім - ат. Қазір қарап отырсан, сонау Қызыларайдан қақаған қыс ішінде атпен қатынау де-
геніңіз - керемет қой. Бір күні басқарма Мәнсүр
атын ойнақтатып, көшеде келе жатыр екен. Мені
көріп қалды да: ~~шым мәтінде жиналған~~ ~~Күдімнің~~
— Эй, бала, бері кел, — деп, өзіне шақырып алды.
Басқарма шақырғанда бармай бас екеу ме? Бар-
дым ақырындала:
— Эй, сен бала, бақытты баласың, сенің есімің
елдің аузына ілікті. Сені облыс біліп отыр. Атың,
міне, «Орталық Қазақстанға» шығып жатыр. Мы-
нау Хрушевтің баяндамасына ендіндер, — деп, ри-
залиғын білдірді. Сөйтсек, жоғары жақта «Қара-
ғанды облысында алыс шет Ақтогай ауданының
Қызыларай колхозында мектеп оқушылары баста-
ма көтеріп, кіші перме ашып, мал бағып жатыр»
деген сөз болған секілді. Жаңағы басқарма соны
айтып жатыр екен. Мақтағанды кім жек көрсін!
Марқайып, көңілім өсіп, балаларға барып, жаңа-
лығымды жеткізіп, сүйінші сұрап, оларды да қуан-
тып таstadtым. Қораның қабырғасында жұмыс ке-
стеміз ілулі. Соған қарап, әркім өз кезегімен жұмы-
сын атқарады. Орнаған тәртіп солай. Және ешкім
оны бұзбайды. Қай уақытта жем-шөп беру керек,
қай мезгілде мәлдүң астын тазарту керек, бәрін
бір бала қалмай жатқа біледі.

Наурыз айының кезі. Ойымда ештеңе жоқ. Та-
ңертен erte, қараңғыда әдеттегідей пермеге
бара жатқанмын. Перменің қасында үй бар. Мен
сол үйге келіп жаттым. Ол кезде свет мотормен
беріледі. Сағат таңғы алтының мұғдарында

тұрғам. Алтыдан кейін жарық та жанады. Перме-
гे бара жатып түп-тура бұрыштан біреу шыға
келіп, екеуміз соғылысып қала жаздадық. Жап-жас
жігіт. Мен кішкене ғана қағылез қара баламын.
Сөйтсем, жаңағы адамым бүгінгі бүкіл қазаққа
тәннымал «Шераған» атанған үлкен жазушы - Шер-
хан Мұртаза еken. Оны кейін білдік ғой. «Лениншіл
жас» газетінің Қарағанды облысындағы меншікті
тілшісі болып қызмет істеп журген кезі болса ке-
рек. Дақпырты одакқа тарап жатқан алыс ауыл
мектебінің жарқын істерін жазу үшін арнайы кепті.
Аяғында керзебай етік. Киімі жұп-жұқа. Етіктің
өзін аудан басынан Кілкен (Мырзахан) Қалиақпа-
ров кигізіп жіберіпті. Қарағандыдан қалай келгенін
білмеймін. Аудан басынан атпен жетіпті. Және
оның келгенін тірі жан білмейміз. Осы күні ғой,
улап-шулап, жар салып келетіндері. Басқарма мен
мектеп басшылары мені сыртымнан таныстырып:

- Таң атпай барсан, перме басынан Метайды
табасын, - дегенге аса сеніңкіремей ертелеңтіп,
әдейі тексеру үшін келе жатқан беті көрінеді. Ой-
лаған ғой. «Қаршадай сегіз оқитын бала қалай өз
бетімен тұрып, жұмысқа барады» деп. Жаңағы
жерде:

- Сіз кім боласыз? Елеусіз Метай емес сіз бе? -
деп сұрады. Мен:

- Иә, соның өзімін, - дедім.

- Е, дұрыс еken. Ал енді, таңертемен неге өзің
жалғыз жүрсің? - деп жатыр. Мен де:

- Жалғыз емеспін, қазір балалар келеді, - деп,
жауап беріп жатырмын.

Метай ЕЛЕУСІЗ

— Олай болса, жүр малдарды көрейік, — деп, қораға қарай бастады. Біз жып-жылы қораға кіргеніміз сол еді, жарық та жанды. Он бес, жиырма минутқа жетпей балалар - қыздар, ұлдар да әндептіп, сау ете қалды. Шераған тап мұндаидар көріністі күтпеген-ау, шамасы. Айран-асыр, тантамаша. Балалардың Шерханда шаруасы болмай, әрқайсы өзіне жүктелген жұмысқа кірісіп кеткен. Олар келіп түрған елімізге танымал газеттің тілшісі екенін қайдан білсін! Білсе де, кейін бір-ақ білді ғой. Сол жерде менен шаруашылығымыз жайлы сұрастырып, қойын кітапшасына бірденцелерді тұртіп алып жатты. Содан, екі күн біздің қасымызда болып, үшінші күн дегенде бір-ақ қайтты. Кейін «Лениншіл жас» газетінің бетінде біздің мектептің бастама ісі туралы «Қызыларай баурайында» деген атпен еткейі очерк шыға келді. Анау мектеп бітірушілердің шопандар бригадасын құру туралы бастамасы бізден көп кейін пайда болды. Демек, тыңнан түрен салып мектеп жаңынан шағын перме ашқан біздің бастамамыз үлкен ерлікке парапар емес пе?

Мал бағу онай шаруа емес. Талай қынышылықты бастан өткердік. Шөбіміз түгесіліп қалып, далаң түйеге шана жегіп, үстіне теңдеп, он сегіз шақырым жерден шөп те тасыдық. Не керек, сиырларымызды қыстан аман алып шықтық. Сиырларымыз біртінде бұзаулай бастады. Ең бірінші бұзауымыз дүйсенбі күні туғасын, атын «Дүйсенбі» қойдық. Бәріміз соны мәпелеп, асты-үстіне түсеміз. Енді, қанша дегенмен, қыстайғы бейнет-

теніп бақсан еңбегіміздің алғаш-қы өтеуі емес пе? Ол бұзауымыз әлгі Шерханның мақаласына да еніп кетіпті. «Дүйсенбі» деп. Алпыс бас ірі қардан бір бас бұқаны алып тастағанда елу тоғыз құнажын. Солелу тоғыз бастан елу тоғыз төлалып, жүзіне жүз бұзау бердік. Бұл деген сирек ұшырасатын жағдай. Кейіндері де мал бақтық. Көрдік, білдік, алайда, тап анау біздің жағдай сирек кездесті. Аруақ қолдады ма? Жоқ, болмаса, абырой жазып тұр ма. Әйтеуір, елге құлқі болудан құдай қақты. Кім біледі, мал бағамыз деп, мемлекет ма-лын шығынға ұшыратып жатсақ, қайбір жақсылық дейсің. Сәуір айында мынадай бір оқиға басымыздан өткен. Бір сиыр туа алмай жүрген. Тұп-тура сәуірдің бірі. Маған нағашы болып келетін бас мал дәрігері бар-тын.

– Бір сиырымыз бұзаулай алмай тұр, көріп берші, - дегенбіз. Келген. Сиырды көріп:

– Ей, жынды неме! Бірінші апрель - өтірік айткан екенсің ғой, - деп бізге сенбей кетіп қалған. Сиыр туа алмай қаты ыңыранып қиналып жүр. Әлгі дәрігерге айтсам келмейді. Екі-үш күн өт-кенде зорға келді-ау, әйтеуір. Жаңағы сиырдан қып-қызыл қызылшақа бұзау шықты.

– Мыналарың мал болмайды, - деп, дәрігер жайына кетті. Қыбырлаған жан иесі анадай жерге шөптің үстіне апарып жатқызып қойдық.

– Енесі жаласа - жалар, жаламаса, тағы өзі білсін, - дескенбіз. Жоқ. Бұзаудың өлетін түрі бай-қалмайды. Сосын қыздарға:

– Ананы енесінің бауырына салындаршы, емер

Метай ЕЛЕУСІЗ

ме екен, - деп едім. Өледі деген бұзауымыз енесінің желініне тас жабысып, сылпылдатып емсін-ай келіп. Қыздарға:

— Осыдан аман қалса, осы бұзауды қалың малдарыңа береміз, - деп, қылжақтаймыз. Мына ғажапты қараңыз. Әлгі бұзау тірі қалды. Күзде бұзауларды өлшеп өткізгенімізде, «Дүйсенбі» атты бұзауымыз жүз бір келі тартты. Ана өледі деген шала бұзауымыз елу келі басты. Жазғы салым балалардың бәрі үйді-үйлеріне тарап кетісті. Сиырлар менің атымда. Оны не істеу керек, содан үйішіммен қылдастырып, ағай болса болмаса, трактірде. Өсемтайды «жазда ақыры қолың бос, не бітіресің? Давай, сиырларды бақ» дедім. Сөйтіп, сиырға інім ие болып қалды. Өзім шеп даярлауға шықтым. Әнене, сөйтіп, біздің алғашқы бастамашыл ісіміз Қызыларайда он жылдық мектептің ашылуына себепші болып еді. Ал, мына қараталдықтар қоян асырап, бәрін қырып алып, масқара болған...

Қош, сонымен күз келе жатты. Менің жасым әскер жасына жетті. Мұғалімдердің уайымы «Метайды әскерге алып кетсе, не істейміз?» Маған әскерге бармай-ақ қой деп, үгіттейді. Нақа деңсаулығым жарап, жасым жетіп тұрса, менің бармаймын дегеніме қарай ма? Бір жағы - өзім де әскерге барудан кетәрі емеспін.

Бір жолы мен мектепте конференция жиналысында отырғам. Ал, ауылдағы клуб үйінің бір базына военкомның адамдары келіп, әскер жасына жеткен жігітерді дәрігерлік тексерістен өткізіп жатқан. Мұғалімдер маған:

Са – Қайтесің, бармай-ақ қой,- дейді. Өзім де:

Ня – Мені әскерге алмайтын шығар, - деп жүргем.

Жиналыстың үзіліс кезін пайдаланып, клубтағы военкомға жып ете қалдым. Военком өзі мына Шет ауданынікі. Маған нағашы болып келетін. Салған жерден әлгі:

Бе – Өй, Елеусіздің баласы, баrasың әскерге. Сен бармағанда, кім барады?! - десін салған жерден.

Мен, баламысың деген:

– Бара алмайтын шығармын. Барғым-ақ келіп жүр. Мектеп жібермейді ғой, - деймін баяғы. Военком:

– Өй, мынау мектеп жіберсе дейді ғой, - деп, мені ақыры әскерге алатын болды. Сонымен, жоқшылықпен жетілген балалық кезең мен мектеп қабырғасы, интернатың құырылған бидай, қара ботқасымен жүрек жалғап оқыған қызықты да, шыжықты құндер арта қалып, ат жалын тартып азаматтықа бет түзеген өмірім басталды.

Макау көрнеді. Олардың қасында көзінде көрнекілдік болып көрінілді.

– Менің ділі миңдеңдің көзінде көрнекілдік болып көрінілді.

– Егердің көзінде көрнекілдік болып көрінілді.

ОТАН ҚОРҒАУ — АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫН

1959 жылдың қарашасында мені әскерге алатын болып, «отправка» деп, Шетке тарттық. Бізben бірге білетіндерден - Ақтогайдан Фани Нұржанов марқұм болды. Оның қазір мына редакцияда тілші болып істейтін Сәбила деген қызы сол жылы өмірге кеп жатқан. Ауылдан Кәріғұл деген құрдасым, Тәттібек, Қабду деген жігітер бар біздің қатарымызда. Жданов клубында жатырмыз. Кәдімгі қораға айдалыптықтан қой секілдіміз. Клубтың іші ығы-жығы адам, Фани марқұм Шеттен ауылға қайтты. Бір күні түн ортасында Кәріғұл құрдасым келіп тұр.

— Метай, ал, мен аттанып бара жатырмын, - деп.

— Барсан, жолың болсын. Енді не істейін?! - деймін мен байғұс. Ол солай кете барды. Сөйтсе, ол таяу жерге барыпты. Мына Челебіге. Біз «қашан кетеді екенбіз?» деп, кезегімізді тосып, сарылып жатырмыз. Тура бір жетіден кейін бізді Беларуссияға эшолонға артып, бір-ак айдады. Беларуссияда үш жыл әскери борышымды өтедім. Беларуссия деген соғыстың олай бір, бұлай бір жүріп өткен жері ғой. Соғыстың салып кеткен сойқан ізі әлі

қалпына келіп бітпеген. Қираған, бүлінген деревня, қалалар. Әлі естерін жинамаған. Нан деген тапшы. Біз, әйтеуір, тыңдан бардық. Ол уақытта Қазақстанның тоғайып, тұрмысы түзеліп, тұтіні тік ұша бастаған. Біздің өзіміз соғыс біткеннен кейін 13 жылдан соң барып тұрмыз. Соның өзінде байғұс беларус жері соғыс салған ауыр жарақаттан толық айығып үлгірмеген екен. Қазақстанның барған бір әшолон адамның бәрі дерлік хохолдар мен орыстар. Анау тыңға келген қулар ғой. Қазақ пен өзге үлт өкілдері аз. Барған бетте түк білмейміз. Түк түсінбейміз. Мақаумыз. Орысша бір ауыз сөздің басын қоса аламаймыз. Не деп тұр? Не айтып жатыр - ұқпаймыз. Қатты қиналдық. Дегенмен, қазақ үш күннен соң көрге де үйренесің демей ме? Біртін-біртін санамыздың саңылауына орыс ұғымдары там-тұмдап болса да, ене бастады. «Отыр, тұр, жат, бұрыл» деген бүйрықтарды екі етпей орындастын халге жеттік. Біз орысша білмейміз бе десек грузин, армян, өзбек дегендерің таза мақау көрінеді. Олардың қасында біз «дай хлебті» біліп бардық қой.

Біздің тұскен әскери бөліміміз танкішілер батальоны. Менің әскери міндеттім наводчик орудий, яғни, көздеушімін. Экипажда төрт адамбыз – механик, водитель, оқтаушы және танкінің командирі. Әр ұлтың өкілінен құралған біздің танкінің құрамын «интернационалды әкипаж» дейді бәрі. Татар, грузин қазақ және орыс. Оқу-жаттығу кезінде біздің әкипаж бәрінен үздік болатын. Барабалында әкипаждағы сібердің орысы тілім келмей жат-

Метай ЕЛЕУСІЗ

са, күліп, олай деме, былай де деп, тіл сындыруын ма көп көмегі тиді. Күнұзак танкінің астындастіндеміз. Жаттығамыз, танкіні айнадай жалтыратып тазалаймыз. Не керек, құйрық баспаймыз. Ара-арасында постыға шығамыз. Обектілерді қарауылдаймыз. Тұннің бір ортасында дабыл қағылып, шала киініп, қаруымызды ала сап тұра жүгіреміз. Жыл өтпей жатып орысшаға төсөліп қалдық. Командирлердің өзімен әзілдесетінді шығардық. Командирлер;

– Ә, қазак, орысша үйреніп қапсың, міне, жігіт!
– деп, қолпаштап қояды. Үш жылда орыс тілін бір адамдай менгеріп алдық. Тілді ғана емес, әскери тапсырмаларды да мұлтіксіз орындалап, солдат кітапшамызға бірыңғай алғыс жазылып жатты. Енді, таза мінсіз адам, қателік жасамайтын пенде болмайды ғой. Бүгінгідей «дедовщина» деген біздің кезімізде мұлде жоқ. Енді, етпеп келген бетте присягадан өткізіп, құйрығымыздан қасықпен үратын. Ал, өлген-тірілгендеріне қарамай, тап қазіргідей соққыға жығу атымен болмайтын. Ротамызда бірнеше ұлттың өкілдері бар. Бәріміз бір үйдің баласындеймыз. Өзілдесіп, қалжыңдастып жүреміз.

Беларус жері орманды, ауа райы ылғалды, сыйды келеді. Денене бір жара түссе, көпке дейін жазылмай қояды. Соның бәріне төзесің, көнесің. Бірде бір тосын оқиға өтті басымнан. Қараша айы. Қар түскен. Күзгі шақырылымның солдаттары дембельге кетіп, орнына әлі жас солдаттар келе қоймаған. Адам жетіспейді. Постыға құнара, күнде

шығамыз. Қарауылдайтын нүктелеріміздің бірі - частінің үлкен қоймасы. Солдаттардың ішетін азық-тұлігі, киім-кешегі сол қоймада. Мені сол қойманың күзетуге қойды. Үстімізде үлкен тұлыш. Қойманың қапталында қатарлап үйілген шпал, оның үстінде жиналған жұмыр темір. Тұлыш пен пима, бойым қызы-қызы, ерсіл-қарсылы жүре-жүре шаршап, «Әй, енді осы ешкім келе қоймас, кішкене аяқ сұтып, бой жазып демала тұрайын» деген әзәзіл ой келді басыма. Өлгі шпал мен жиулы жұмыр темірге барып қонжидым. Қанша отырғанымды қайдам. Мызып кетілпін. Аландал отырғаннан ба, өзіме ояу отырған секілдімін. Біреулердің дабыр-дүбыр дауыстары естілгендей сияқты. Бәрін анық естіп жатырмын. Бойымды жиып тұрайын десем, тұра алсамшы. Тұла бойым делсал. Өлдім, талдым дегенде, тұрдым-ау әупірімдеп. Дауысшыққан жаққа қарап, «Стой! Кто идет?» деймін өзімше. Қарасам, штаб бастығы мен қарауыл бастығы:

— Ты что, Елеусизов, спиш на посту? - деп штаб бастығы дік-дік етеді. «Ұйықтадым» деп қалай айтасың.

— Жоқ! Жәй, аяғым талғасын, отырып, дем алып ем, - деп, ақтаңған болып жатырмын. Қойши, несін айтасың. Қарауыл бастығына:

— Мынаны үш сөткеге гауптвахтаға жабындар, - деп, бүйрек берді. Ертесіне рота старшинасы шақырып алып:

— Елеусізов, басқа-басқа тап сенен мұны күт-пеп едім. Уставты неге бұзасың? Солдат кітапшанда

Метай ЕЛЕУСІЗ

он сегіз алғысынц тұр. Бұл не масқара?! Әскери кітапшанды қалай бүлдірем, - деп, қатты кейіді. Осыншама сенім артқан старшинаның алдында жерге кірердей қатты ұялдым. Жақсы адам еді. Ақыры басшылармен бәтуаласып, мені гауптвахтаға қаматпай, алып қалды. Келесі жолы мені штабтың ішіндегі постыға жіберді. Штаб ішіндегі төмпешкенің жаңында парадный формамен қақып, қалшиып тұрмын. Штабтың ішінде писарі бар, әпесерлері бар. Былай-былай өткендеріне честь беріп қоям. Бір уақытта қарасам, бір әпесер маған қарап, жымың-жымың етеді.

- Жолдас офицер, жәй күлдіңіз бе? - деп едім.

- Кеше сен қарауылда болған қойманы күзеткен тағы бір солдат ұйықтап қалып, шулатып жатыр, - деп, күледі әлгі әпесер. Артынан естісем, қойманың жаңындағы үолі шпалмен жұмыр темірді командирлер солдаттар отырып, тағы ұйықтап қалады деп, алдырып тастапты. Өлгі менен кейін қарауылға барған солдат мен секілді жүре-жүре, сілесі әбден қатқаннан кейін демалғысы келмей ме? Отырайын десе, ыңғайлы түк таппайды. Қараса, анадай жерде, қойманың іргесінде прадүктіден босаған қағаз жәшік жатыр еken. Соны басына кигізіп, қойманың іргесіне отыра қалып, үйқыға басады ғой. Постыларды тексеруге шыққан командирлер келсе, солдат жоқ. «Бұл қайда кетті» деп олай іздейді, бұлай іздейді, ұшты-күйлі. Содан, не керек, әзер дегендеге, әлгі сабазды қағаз жәшіктің астынан пырылдап жатқан жерінен тауыпты. Өнө, әскердегі солдат өмірінде осы секілді күлкілі

жәйттар да кезігеді.

Бітпестей көрінген әскери өмір де артта қалып, елге оралдық. Бұл - 1959-1962 жылдар. Елінді, отаныңды қорғау азаматтық парызың деген тәрбие-де өскен біз солдаттық міндетімізді, шамамыздан келгенше, мінсіз өтедік деп ойлаймын...

он сегіз ай ысын тұр. Был нағдуптағы әңгімә
кішінде жаңа әдеби мәдениеттің жаңыларының
жоғары мөртевесін көрсете алады. Аның
**БАҚЫТЫМЫЗДЫ
ЕҢБЕКТЕН ІЗДЕДІК**

Әскерден оралғасын, қазіргідей аунап-кунап жататын мезгіл емес. Алпыс үшінші жыл. Қал-қоздардың іріленіп, совхоздардың құрылып жатқан уағы. Сол кезде Қызыларай колхозының парткомы Әмірбеков Иманғазы совхозға директор, И себеков Әуез бас зоотехник, Мақанов Әркен бас экономист болып бекіп жатқан. Иманғазы мына «Партсьезд» жақтың азаматы. Рұы Тобықты - Шомақ. Шашын жып-жылмағай алдырып тастаған тақырбас, үлкен кісі. Елді «қарағым, шырағым» деп жүретін. Мен әскерден келіп, ауылда жүргем. Бір күні атпен әлгі кісі қыстаққа, ауылға соқты.

- Қарағым, азамттық борышынды отан алдында адаптацияның әдеби мәдениеттің жаңыларын көтермейді. Енді не ойын бар? Не жұмыс келеді қолыңнан? – деп, жөн сұрады. Мен «Әзір ештеңе шешкен жоқпын. Болсам, сол механизатор болатын шығармын» деп, екішты жауап берген болдым.

Имекен:

- Қарағым, сен механизаторлықты қой. Мен саған қызмет берейін. Совхозда ушетшіктік орын бос тұр. Давай, соған кіріс деп, тапсырма берді.

Есеп-қисап дегеннен хабарым жоқ басым, сас-
қаннан:

— Ой, аға, қолымнан келмейтін шығар? – деп,
тартыншақтап, тайсақтап бағып ем, Имекен
бұлтартпады:

— Еш қындығы жоқ. Тез-ақ үйреніп кетесің.
Өзіміз көмектесеміз, қорықпа, - дегесін, келістім.
Деректір:

— Бір ай демал, өзіміз шақырамыз, - деп, кете
барды. Содан, аяқ астынан колхоздың ушетшігі
болып шыға келдім. Ушетшік болуын болдым-ау,
бірақ, сондық қиналдым да. Бұрын атқармаған
жұмыс, қыр-сыры жұмбақ мамандық. Ушаскенің
бұғалтірі Сарман деген кісі. Совхоздың алғаш
құрылып жатқан уақыты. Есеп-қисап ісіне жетік
маман тапшы. Бір отчетті әлденеше өз-гертіп,
әлек-шәлекке түсеміз де жатамыз.

Ақтоғай ауданы бойынша ол уақытта жалғыз
совхоз - мына қазіргі Нарманбет есімін иеленіп
отырған «Партсөзізд» ғана болатын. Еліміз бойын-
ша шаруашылық жүйесі өзгеріп, ұсақ колхоздар
қоғамдастып, ірілendіріліп, совхоздар құрыла бас-
тады. Бұгінгі үрпақ колхоз берінен совхоздың ара-жігін
ажыратып біле бермеуі мүмкін. Мәселен, колхоз
кезінде ел ақша дегеннің не екенін мүлде
білмейтін. «Еңбеккүн» дейді. Істеген еңбегіне
қарай азық-түлік, киім-кешек алатының. Ал со-
вхоз тұсында бұгінгідей әркімнің атқарған мінде-
тіне қарай жалақы тағайындалып, ақша қолымызы-
ға тие бастаған. Әрине, ондайды көрмеген бала-
лар үшін мұның бәрі таңсық, құдды бір азыз-әфса-

Метай ЕЛЕУСІЗ

на секілді көрінетін шығар. Алайда, біздің басы-
мыздан кешкен өмірде адам сенбес нешетүрлі
оқиғалар өткен.

Ақшаның мөрін көрмеген елге совхоздың құры-
луды кәдімгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалап,
құдды бір бастьарына беймарал заман орнағаннан
бір кем болмағаны анық. Әр кәсіп, әр мамандық
иесінің тағайындалған күндік тарифтік көрсеткіші
бар. Соған орай, айлық жалақы көлемі белгіленеді.
Есепшінің міндеті сол елдің айлық жалақысын
есептеп, совхоздың кірісі мен шығысын реттеп,
құжатқа түсіріп отыру. Тап ол уақытта бұл жұмыс-
тың қыр-сырын жете меңгерген есепші маман
ауылдарда жоққа тән. Есепшілер есеп-қисапты
толық меңгеріп кеткенше, талай әуре-сарсанға
түсті. Бір атшотты (отчеть) жасап, ауданға жібе-
ресің. Ол дұрыс болмай қайыра оралады. Уласып-
шуласып, қайта қағазға шүйілесін. Қойшы, әйтеп-
түр, машақаты көп-ақ жұмыс. Қашан тәселгенше,
алты айдан астам уақыт қағазbastы болып кет-
кенбіз.

Қанша дегенмен, Алла Тағала адам баласына
сана бергесін, не нәрсеге болмасын тәселіп, не
нәрсені болмасын, ақыр түбінде үйреніп тынады
емес пе? Біртін-біртін есепшілік кәсіпті біз де
дөңгелентіп әкеттік. Егер де, колхоз тұсындағы
елді еркін билеп-тәстеп, ақ дегені алғыс, қара дегені
қарғыс болып, еркін жайлап қалған тақыс ба-
сқармасымақтардың айтқанына көніп, айдауын-
да жүрге бергенімде, бәлкім, менің өмір жолым
мен тағдырым басқаша қалыптасқан болар ма еді,

кім білсін?! Өкінішке қарай, ала жіп аттамайтын, бір беткей қыңыр мінезім мені ушетшілік қызметтен кетіріп тынды. Жалақы есептердің алдында тәбіл дегенді түсіреді. Онда кімнің не істеп не қойғаны тайға таңба басқандай көрсетіліп тұрады. Біз соған қарап, айлықтарын есептеп шығарамыз. Әлгіде айтқан бөлімше басшыларымен арадағы ара-жігіміздің ашылуы осы айлық есептеуден шықты. Бөлімшемізде екі бригедір бар. Аты-жөндерін атамай-ақ қояйын. Олардың есімдерін атап елге жексүрын етіп көрсеткеннен маған келіп-кетер не пайда? Бірі сиыр фермасының, екіншісі қой фермесінің біригедірі. Менің тұп етегіме жабысып, қыр сонынан қалмай түскен сол екеуі.

Байқаймын, түк бітірмей үйінде шалжиып отырған әлгілердің әйелдерінің айлық жалақысы, ертеден қара кешке дейін тынбай тырбанып, тер төгіп жүрген жандарға қарағанда әлдеқайда көп. Ши басын сындырмай, қол қусырып үйлерінде қарап отырса да, озат сауыншылар солар, озат малшылар да солар. Анау маңдай терлерін сорғалата сығып, еңбек етіп, жүрген бақташы байғұстар мен шопан сорлылардың айлығы аналардың қасында мүлде мардымсыз бірдене. Көрмесен, білмесен бір басқа! Ағатай-ау, бәрі алақанында түр ғой. Қалай көрер көзге көзбояушылықта барасың? Басың да екеу емес. Әйда, бытырлатып кесесін. Оным әлгі көкелеріме қайбір ұнасын? Кешегі колхоз дәүлетін шайқап, ішіп-жеген күндерін көксеп, бастабында қоқандап, мені қорқытып, үркітіп те көрді. Алдап-суласап, жемтікtes болуға да үгіттеді.

Метай ЕЛЕУСІЗ

Тіпті болмағасын, мені жоғарыға жамандауды шығарды. Сондағы айтатындары «қиқар», «қисық», «жұмыс жайын білмейді» дегенге саяды. Есі-дертері мені құртып, орынныма кешегі колхоз уақытында ауызжаласып, бірге ішіп-жеген сыйбайластарының бірін түрғызу. Екеуі де қара жаяу өліпті «таяқ» деп түсінбейтін сауаты шамалы, қараңғы кісілер. Білімді мамандар ауылға әлі келе қоймаған тұс. Оларға қарағанда, қанша дегенмен, құдайға шүкір, мектепте сегіз жыл оқығам, көзім ашық, көкірегім ояу. Жоқ дейсің үзілді-кесілді. Пәлеқорлықты қойсанышы бұл! Совхоз басшыларына әлгі немелер сыртымнан жамандағандарымен қоймай, малшыларды алатайдай азғырып:

— Сендердің жалақыларыңды дұрыс есептемей отырған осы Метай. Бұны құртсақ, қағанақтарың, қарық, сағанақтарың сарық болады, - деп, қоса қайрап, соңыма салып қойыпты. Совхоз директо́ры Иманғазы деген кісі салиқалы, салмақты әр нәрсенің байыбын барлай білетін сұнғыла адам еді. Бірде жаңағы кісі:

— Метай, қарағым! Мұның қалай? Сениң үстіннен шағым түсіп жатыр ғой, - десін. Имекен жарықтық түсінігі мол, өте парасатты он, мен солын жақсы пайымдайтын білікті де білімді басшы дедім ғой жаңа. Мен:

— Шағым түскені дұрыс. Өйткені, оның мәнісі осылай да осылай, - деп, болған жайды боямасыз Имекене баяндап бергесін. «Е» деген де қойған. «Аңдыған жау алмай қоймайды» дегендей, біргәдірлер менің соңыма тұсулерін қоймады.

Екеуі бірігіп, деректірге барыпты.

— Сені деректір шақырып жатыр, - дегеннен-ақ ішім қылп етіп, бәрін сезе қойып, бүкіл есеп-қисап қағаздарымды арқалап, деректірдің алдына бардым. Деректірдің алдында барлық қағаздарымды алып шығып,

— Мына екі кісінің әйелдері үйде отырып, айлық алғысы келеді. Бұлардың қағазына сенсеніз, бөлімшениң бар жұмысын осы екеуінің қатындары жасап жатқан секілді. Анау бақташи, шопандардың ақ адап еңбектерін езуінен жырып, қалай қиянат жасаймын, - деп, аналардың жалған құжат мәліметтерін жайып таstadtым. Имекен әлгі екеуіне қарап:

— Өй, тәбеттер! Мына қаршадай баланы тәрбиеудің орнына, өздерің арандатып, орға жыққалы жүр екенсіндер ғой! – деп, әлгі жерде екеуін жерден алып жерге салды. Маған:

— Бара бер, қарағым. Жұмысыңа ықтиятты бол, – деп, жайыма жіберді.

Казақты құртатын көре алмаушылық. Әлгілердің де діңкесін құртып жүрген сол дерпт. «Қаратабан жетім жетіліп, бізге жалын құжірейтіп, дегенімізге көнбеді» деген бақастық. Қойшы, содан ақыры шалдармен ұстасып, жағаласудан жүйкем жүқарып, әбден қажыдым да «бүйткен қызметінің құлағын ұрайын» деп, кетуге бел байлаждым. Ондағы ойым - қалаға кетіп, оқуға тұсу. Салып ұрып, деректірге бардым:

— Осылай да осылай, мені босатыңыз. Мен оқуға кетем, - дедім.

Метай ЕЛЕУСІЗ

Имекен:

— Қап, қарағым-ай! Сәл шыдай тұрғаның жөн еді. Өзіміз де повышеніеге жібергелі жүр едік. Жұмысқа да тәселіп қалып ең. Енді сенің орнына тағайындақ қоятын адам да жоқ. Болған күннің өзінде, ол тәселгенше, қай заман? Әлі де ойлансан қайтеді? Егер ана шалдар күн бермей жүрсе оны айт. Олармен өзім сөйлесейін. Олар енді қанша жүрер дейсін, - дегеніне көнбедім.

— Жоқ, аға. Әкем де сіздің жасаған қамқорлығынызды жасаған жоқ. Сізге көп раҳмет. Оқуға барам, - деп, қасарысып тұрып алдым. Кетуге бет түзегенімді көргесін, Имекенің де түк амалы қалмаған сыңайлы. Босатты.

Сөйтіп, есеп-қисаптан да, шалдардың тұрт-пегінен де арқа-басым босап, қалаға кетуге дайындалдым. Бір жағы оқуға кетуге Тохметов Амантай деген бірге оқыған досым себепші болды. Мен әскерге кеткенде мектебіміздегі шағын ферменің басшылығы соның мойынына жүктеліпті. Бірақ, көп ұзамай мектептің басшылығы ауысып, шағын ферменің ақыры тарап тыныпты. Содан бері, міне, аттай елу жыл өтіпті.

Мына Қызыларай орта мектебінің он жылдыққа көшкеніне де түп-тұра елу жыл. Ал, еліміз бойынша алғаш мектеп жаңынан шағын шаруашылық ашып, бастама көтергенімізді ара-тұра еске алып жүргенімізben, кен көлемде әлі күнге «Әй, аналар өстіп еді-ау» деп, елең-әскеріп жатқан ешкім жоқ-ау, ешкім жоқ. Тіптен сол кездегі біздің шағын шаруашылық ашып, жасаған жұмыстарымызды

растайтын құжаттардың өзі сақталмапты. Сүмдышқ қой. Белдері бекіп, буындары қатып үлгерменген балалардың мектеп жаңынан шағын шаруашылық ашып, еңбек етуі үлкен ерлік емес пе еді? Мүмкін, біздің сол бастамамыз кең көлемде қолдау тауып кетпеген-діктен, аса мән берілмеді ме?! Қалай десек те, әйтеүір, біздің бастамамыз өз бағасын уақыттан ала алмағаны анық.

Қош, сейтіп Амантай екеуміз Қарағандының іргесіндегі Долинкадағы ауыл шаруашылық техникауына барып, құжатымызды тапсырып, оқуға түсіп кеттік. Долинканың негізгі тұрғылықты халқы орыстар. Бұл өзі кешегі «КарЛаг» атанған атышуды айнала тұрме орналасқан жер ғой. Серігіме қарағанда мен көп-көрім орыс тіліне жетікпін, қала да да қалай жүріп-тұру керек екендігін жақсырақ білемін. Маған қарағанда Амантайға қындау соғып жүргенін жақсы сезем. Ауылдан аттап шықпаған адамға топ етіп, қалаға келіп, шаһар өмірімен сіңісіп кете қою онай дейсің бе? Орыс тілінен мұлде мақұрым. Менен екі елі қалмайды. Екеуара бір бөлме жалдап тұрамыз. Амантай стипендия алмайды. Екеуіміздің талғажау етерміз менің алатын жиырма сом шәкіртақым. Ауылдан келетін сәлем-сауқат және жок. Пәтердің пұлын төлеу керек. Қатты қиналдық. Ұзақты құн ішегіміз шұрылдап, бөрікүрсақ жүреміз. Долинкада кешкілік, түнемелік жалғыз-жарым жұру өте қауіпті. Шпана көп. Тұрмеден босап шыққандардың дені сол арада тұрақтап қалып жатады. Өсіре-се, біз секілді ауылдан келген қазақ балаларына

Метай ЕЛЕУСІЗ

қыын. Ақша сұрап, темекі сұрап, қия бастырмайды. Біз байғұс қай бір жетісіп жүр дейсің. Жүліктерден жапа шегетіндер қаншама. Үнемі үрей үстінде жұру қайбір жақсы. Бір күні әлгі серігім оқуды тастап, ауылға бір-ақ тартсын. Әп-әдемі оқуға түсіп, енді-енді етіміз үйрене бастағанда Амантайдың кетіп қалғаны маған қатты батты. Жападан жалғыз қалғасын менің де ойым бұзылайын деді. Ақыры не керек, төзімім таусылып, мен де «есің барда, елінді тап» деп, оқуды тастап, ауылға да соқпай, Балқаштан бір-ақ шықтым. «Әй, осы ең қолайлысы шопырлық шығар» деп, мен де Амантайдың артын ала шопырлар даярлайтын курсқа құжат тапсырдым.

Балқашқа барып, шопырлық курсқа қабыл-дағасын, көп ұзамай шопырылық право да қолымызға тиді. Бір жағы ауылдағы жүртттан да үялыш барадымыз. «Кеше үлкен оку оқимыз деп кеткен мыналар шопыр болып оралыпты» дейтін шығар деген күдік қой баяғы. Неше жерден ұят десен де, қашанғы бұқпалап, бой тасалайсың. Амалымыз неше жерден құрыса да, ауылға қайтуға мәжбүрсің. Еріксіз ауылға ат басын бүрдых. Совхозға шопыр болып жұмысқа тұрдых. Тірегі жоқ, сүйенері жоқ сорлыға қайбір жібі тұзу мәшине бұйырсын. Тәуірі басшылардың жақын-жақыбайлары мен туыс-туғандарының тақымында. Тозығы жеткен бір салдаманың рөлі маған да тиді. Жүргенінен тұрғаны көп, май-май болып, салдаманды жөндеумен боласың. Ертелі-кеш совхоз жұмысымен ойға да, қырға да шапқылап жүргенің. Аунап ай, заулап күн

дегендейін, өмір арнасында бұырқанып ағып жатты. Алды-артын барлап, үйленіп, үй болуды ойлайтын кез де жетті. Өскерден оралғаным да бесалты жылдың мұғдары боп қалған. Қатарымның бәрі баяғыда үйлі-баранды болып кеткен. Кездескен сайын жабылып, үйленбей бойдақ жүргендігімді қыжыртып, қылжақça айналдырады. Қыжыртқан қалжың сөзден жеңілетін мен жоқ.

— Мен алатын жарымды жасырағынан тандап жүрмін. Ертең мына сұлуларың салпы етек болып отырғанда, менің қуыршақтай әйеліме көздерінді сүзіп мөлиесіндер әлі, - деп, өздерін келеке етем. Барапада жүріп, олай-бұлай ана ауыл, мына ауылдың үстінен өтіп, көзбен түсінісп, іштей ұғысып дегендей, осы құнгі бәйбішеммен өзара сөз байласып қойғам. Әнуар ақсақалдың қызы. Қарапайым қатардағы жұмысшы. Жазда шөpte қайрақшы, қыста мал соңында. Руы Қырғыз - Жәпек. Ұзын сөздің қысқасы, алпыс жетінші жылы отау құрып, өз алдымға отбасын құрадым. Үйленіп, үй болғасын қабырғаммен кеңесіп:

— Итшілеп алты жыл түз кезгенім де жетер. Табысы да мардымсыз. Абыройы да шамалы. Осы шопырлықты қойғаным дұрыс деген шешімге тоқтастық. Бұл - шамамен жетпісінші жылдардың жүзі. Қыста малшыға күтімші болып жүріп, онашада көп ойланым. «Мен неге өз алдымға малшы болмаймын осы?» деген сұрақ жатсам-тұрса мазамды ала береді. Совхоздың деректірі сол баяғы Имекен. Ақыры бір шешімге келіп, кеңсеге тартым.

Метай ЕЛЕУСІЗ

— Малшы болғым келеді, - дедім, салған жерден. Өзге басшыларға «іздегенге – сұраған» тап сол кезде «Қара сиыр» қыстағының берекесі болмай, малдары шетінеп, жібі тұзу малшы кезікпей, басшылардың өздерінің де басы қатып, жүрсе керек. Бірден мені сол қыстаққа қыстың көзі қырауда көшіріп алды да барды. «Қара сиырдың» жарықтық таулары жақпар-жақпар тастақты, жері маңға өте қолайсыздау жер. «Дауыл тас» деген тауы бар. Жер ыңғайы атында тұр. Сөйтіп, сол қыстақта мен алғаш өмірімнің мәніне айналған малшылық кәсіптің жалынан үстадым.

Құдай сақтасын, қыстаққа алғаш тап болғанда, кім-кімнің болмасын төбе шашы едірейіп, тік тұратындей жағдайда еді. Анау жерде де, мына жerde де діңкіген-діңкіген өлексе. Қораның іші ат-көпір, қалт-құлт етіп, ыңыршағы айналған көтерем сиырлар. Тіптен, малшы отырған үйдің екінші басының өзі қора дерсің. Көні тізеден. Ап еткенде «мен осы дұрыс шешім қабылдадым ба?» деп, бір сәтке шошып, бойымды үрэй билеп те өтті. Бірак, «айтылған сөз - атылған оқ», «шешінген судан тайынбас» дегендей, есімді тез жидым. Маған дейін қыстақтағы малдың иесінің әйелі ауырып, бәлніске кетіп, малға екі ерекк иелік етіпті. «Әйелі жоқтың - қүйі жоқ». Екеуі малға аса қарамай, кеш түссе тамақ асырап, қыстақ-қыстақты аралап кетеді екен. Болмаса, малдың осыншалықты жүде-үнене қыстақтың еш қатысы жоқ. Негізі бұрыннан ірі қараның жайлап келген жері ғой. Екеуін:

— Мына қыстақ маңын өлекседен арылтып, анау

үйдің екінші басын қашан тазаламайынша, малды қабылдап алмаймын, - деп, шарт қойдым. Өздері де топалаңдардан қалай құтыларларын білмей жүрген байғұстар. Білектерін сыбанып жіберіп, өлкеселердің бәрін сайға сүйреп, қора мен үйдің ішін әп-сәтте әлекедей жаландырып, тазартып берді. Үш күннен соң қыстақтың басына деректірдің өзі келді.

– Қарағым-ай, шұғылшешім қабылдап отырған жоқсың ба? Қолында кәрі шешен бар, ақылдастың ба? Мал бағу қынға соқпай ма? Мал бағуға киятын да бала емес едің. Оқып, қызмет істейтін-ақ жөнің бар еді, - деп, шын қиналды. Нағыз ел үшін атқа қонып, тізгін ұстап қызмет жасаған басшы еді ғой марқұм. Қыстақты аралап, шаруа жайымен танысып, көнілі көтеріліп:

– Айналайын-ай, мына қыстақтың өңі жаңа жаңа еніп, ауылға үқсап қалған екен. Раҳмет, - деп, алғысын жаудырып, - Мына малдар теп-тегіс қырылып қалса да, еш аландама? Ол үшін сенен биылша еш жауапкершілік сұрамаймыз. Ештеңені уайымдамай шаруанды істей бер, - деп, неше күннен бергі маза таптырмай, ойымды да, бойымды да билеп алған үрейден арылтып тастады. Несін айтасың, жер аяғы кеңіп, жайлауға шыққанша, қабылдап алған жұз он бес ірі қараның жиырма шақтысы шетінеді. Жайлауға - мына Былқылдақтағы өзен бойына көшіп барғанбыз. Шебі шүйгін, құнарлы. Қыстан сүйектерін сықырлатып, сүйреп әрен шыққан сиырлар естерін жиып, бойларына шыр бітіп, түктегі жылтырап шыға келді.

Метай ЕЛЕУСІЗ

Өзен бойы жағалай қонған ел. Бақташысы бар, шопаны бар екі-үш совхоздың малышылары ат көпір, мидай араласып кеткен. Қыстай қиян түкпірде ұшқан құс, жүгірген аннан өзге түк көрмене-ген малышылар бір-бірінен жөн сұрасып, әңгіме-дүкен құрысып, арқа-жарқа. Қыстан қалған сүрлерін ассызып, ерте піскен марқаларын сойызып, бір-бірімізді қонаққа шақырысып, әйда, бір жасап қаламыз. Жайлау дегеннің ерекшелігі де сол емес пе?

Мына қызықты қараңыз. Жайлауға келгесін, менің көтерем мәліктерім біртіндеп бұзаулай ба-стады. Мен табынды қабылдап алғанда, сиырлар-дың артынан бұзау ертем деген міндеттеме қабыл-даған емеспін. Оны білетін көршілерім:

— Бұзауды бізге бер, өзің мал қыл. Қорықсан, бізде жүре берсін, кейін аласын, - деген сыңай-дағы кенестерін беріп жатыр. Мен:

— Ойбай, құрысын! Маған қажеті шамалы. Алам десендер алындар, - деп, бірлі-жарымын жүртқа таратып, бірлі-жарымын есепке алғыздым. Бас пайдамды ойлап, қоғам малына қараулық жасауға арым жібермеді. Мал соңында өткізген бар сана-лы ғұмырымда да осы ұстанымнан айнымаптын. Тәрбие солай, түсінік солай еді. Мен малға шық-қанда көмекшім болған сыныптасты Еркебаев Сатыбалды іле менің артымша, өз алдына бір та-бын өгіз алып, бақташылық етіп, жыл өткен соң астына мәшина мініп алды. Ол құдын әкесі талай жылдан бақташы болған. Жастайынан бас пайда-сын қүйттеудің жолын жазбай танып, тіс қағып,

әбден әккіленіп алған неме ғой. Біз байғұс сол «тек жүрсөн, тоқ жүресің» деген қағиданы ұстанып, анау-мынау жылпостыққа ебіміз бара бермейтін. Әйтпесе, басшылармен ауызжаласып, қоғам ма-лын суша сапырып, шалқып отыруға әбден бола-тын. Талайлар солай істеді де. Оған сан талай күә болдық. Алайда, содан солардың ұшпаққа шығып кеткендері де шамалы.

Менімен жапсарлас бізге жамағайын болып ке-летін бақташи отырды. Өзі ұзақ жыл сиыр бақсан. Көнігі бақташи. Сол кісі маған өзінің ұзақ жылғы бақташлық еткен жылдарындағы аңғарған, байқ-аған тәжірибесін үйретеді. Жаңағы ағамыздың айтқан ақыл-кеңестерін ішке түйе жүріп, жаздай табынды тапжылтпай жайып, жүнттай ғып, семіртіп алдым. Келесі жылы мына Қызыларайдың қайқаңындағы «Ордабек» қыстағын жайладым. Қысы қытымыр, қатал. Ит-құс қалың. Сай-сайын қар алып қалатын әйгілі «Тектүрмас» атанып кет-кен жер. Суатқа саран. Маған дейін бойдақ қой қыстаған. Былайша қарағанда, ірі қараға қолай-лы жер деуге келмейді. Қыстаған шопандардың ешбірі толық қысқа шыдап отырмайтын. Ақлан ай-ының ортасына таман шөптері түгесіліп, малдары шетінеп, артынып-тартынып көшіп, әлек-шәлекке түсіп жататын. Құзге салым:

— Ал, қайда барасын, — дегенде, еріксіз сол «Ор-дабекті» таңдауыма тұра келді. Одан басқа бос тұрған бір де бір қыстақ жоқ. Бәрінің иесі бар. Сол жылы «Ордабекке» тастан жаңадан екібасты үй салынған. Бір жағы соған қызықтым. «Не де бол-

са, тәуекел» деп, сонда көшіп келдім. «Сорлыға сойыл үйір! Мен байғұсқа көмекші де табылмады. «Жоққа жүйрік жете ме?» амалсыз, өз қотырымды өзім қасуға тұра келді. Көшіп келе сала шешініп тастап, бірінші қолға алған ісім есік алдындағы қалың тоғайдың ықтасындау жерінен мал суаратын құдық қазуды қолға алдым. Қыртысы қой тасты тау етегінен құдық қазу оңайға түскен жоқ. Біраз бейнеттендім. Үш-төрт күнде қос құлаштан астам терендіктегі құдықты қазып бітіп, айналдыра шегендеп, қауға орнатып, бетін жаптым. Малдың суаты дайын. Енді үйге таяу арадан ауызсу үшін екінші құдық қазу керек. Бұгін қарап отырсам, сондағы жансебілдік бойдағы буырқанған жастықтың бұла күші екен ғой. Екінші құдықта қазылды. Мая да қоршалды. Малға шөп беретін шарбақ та тоқылды. Қысқасы, қысты қарсы алуға сақадай сайландық. «Ордабектің» қысы қатал болға-нымен, сай-саласы қорысты, тау-жотасы шөптесінді, ыңғайын білген малшыға жайлы қоныс.

Уақыт зырылданап өтіп жатыр. Сиырлар тау-жотаны қуалай жайылып жатыр. Ақырып ақпан жетті. Мая сол беті мұрты кетілмеген қалпында. Сиырлар өрістен найқалып келіп, құдықтан сүйн ішіп, жылы қораға енеді. Күндегі тірлік сол.

Бір күні қыстаққа совхоздың парткомы мен зоотехнігі сау ете қалды. Мен күнделікті әдетім-мен оны-мұны ұсақ-түйек шаруамен болып жүргем. Әктептер келе әкірендеп;

— Ей, мынауың жайбарақат үйде жүр ғой. Мал қайда? Шөптің шеті мұжілмеген. Сен не сиырлар-

ды аштан қырайын дедің бе? – деп, тұс-тұстан жамыраса жөнелсін.

– Оу, ағатайлар, мал дін-аман. Тауда жайылып жүр, - деймін. Басшылар:

– Ей, мынаның есі дұрыс па? Осы уақытта мал тауға шығушы ма еді, - деп, одан сайын өршеленеді. Содан, маған сенбей:

– Әйда, жүр малды көреміз, - дегесін, тауға тартық. Астымдағы атым да, өзім де тауға күніне әлденеше шығып, әлденеше түсіп, дағдыланғандықтан аналардан озып кеттік. Артыма анда-санда қарап қоямын. Аналар мықшиып, ерге тастай жабысып, тауға әрен шығып келеді. Ішімнен «Ә, бәлем! Көріндер мал баққан қалай болады еken» деп, айызым қанып келеді. Тауға шықтық. Табын Ойрантаудың жотасында шашырап, қаннен-қаперсіз бырт-бырт жайылып жатыр. Басшылар табынды аралап:

– Әй, мыналардың түгі жылтырап тұлыштай, бүйрек майлары со беті бітеу ғой, - десіп, ауыздарының суы құрып, аң-тан. Аң-тан беттерінде ләммим деместен, келген іздерімен кері қайтты.

Барған бетте қыстақ аралап қайтқан әктептерден деректір:

– Иә, малшылар қалай еken? – деп, жағдай сұрамай ма. Әсіресе, осы уақытта бәрін бәрліктіріп әлекке салатын «Ордабек» жайы аландаатпай ма? Аналар бірауыздан:

– Бәрі жақсы. Ордабектегі Метайдың маясының бүйірі де мұқалмапты. Сиырлары тауда жүр, - десіп, менің жағдайымды ауыздарының суы құрып

Метай ЕЛЕУСІЗ

отырып, баяндаң беріпті. Содан бір күні қыстаққа халімді біліп, жағдайымды көруге Имекеннің өзі келіп тұр.

— Метай, айналайын, рахмет! «Азамат» деп артқан үміт пен сенімді ақтадың. Осы совхозды басқарғаныма тоғыз жыл болыпты. Осы екі аралықта бұл қыстақта толық қыстап шыққан жанды көрмеппін. Мына «Ордабекті» малға қолайсыз жер деп босқа жазғырып жүр екенбіз ғой, жарықтық. Бәрі адамына байланысты болып шықты. Жарадың. Саған жақты бұл ара. Еңбегің жемісті болсын. Әрдайым осылай абырой биігінен түспе, мен бүгін осы үйдің қонағымын, - деп, риза болып, арқамнан қақты. Содан қазан көтеріліп, Имекенмен түннің бір уағына шейін әңгіме-дүкен құрдық. Темекіні де көп шегеді екен. Имекен кетерінде:

— Метай, қарағым, таяу аралықта ауданымыздың ауыл шаруашылық саласында ауыс-түйіс өзгерістер болғалы жатыр. Тұптің-түбінде Қызыларай бірыңғай қой шаруашылығына айналып, бізден ірі қараны әкететін түрі бар сыңайлы. Мен де ұзамай ауысатын шығармын. Егер де келешекте мал бағу ойыңнан қайтпасаң, бір қора тоқты ал, қой баққан елдің қор болғаны жоқ. Тұрмыстары жақсы, ауқатты. «Сосын ортаның малына тиіспеймін» деп, тым ақжүрек те бола берме. Ең сиырдың ортасында отырсың. Ең болмаса бұзауынды жіберіп, соғымынды ірілетіп сойып жеп отыр, - деген ақылын айтты. Ана кісінің жақсылығы ғой. Басқа біреу башшылықта отырып, малшыға ондай кенес бере ме? Имекен кетті. Мен малымды бағып, жайыма қал-

дым. Сол баяғыша сиырларды тауға шығарып жүрмін. Тауға шығып жүріп, көрші қыстақта тұратын шопанға кезікпеймін бе? Шопан жасы менен үлкендеу кісі еді; де көзінде Айдақес-нағыз

—Метай, сенің сиырды тауға жайғаның, пәле болмаса кетті. Бастықтар “ірі қара тауда жайылып жүр. Сен қойды неге тауға шығармайсың?” деп әңгір-таяқ ойнатып жатыр басыма,- деп ойыншыны аралас өкпесін білдірсін. Елдің не дегенінде не шаруам бар? Өз тірлігімді жасай бердім. Сөйтіп жүріп жаз жетті. Айтқандай, Имекең кетіп, совхозға деректір болып Рымбек Жұнісов отырды.

Ауданда да, совхоздар да ауыс-түйіс өзгерістер болып жатыр. Өзгермеген тек біздің тірлігіміз. Жаз жайлауды өткеріп, күз қыстаққа көшіп келіп жатқан кезіміз. Құдай қырсық қылғандай, бір сиыршыны қой бағуға ауыстырып, үш жұз бас ірі қара мениң иелігіме өткен. Ит-құс деген масқара. Тұн баласы сайдың іші үш-шу, азан-қазан, ұлыған қас-қырдың дауысы. Құндіз-тұні тыным таппайсың, бірыңғай аттың үстінде. Декабрьдің санағы келіп, малдарды сұрыптаپ, сырғалап, таңбалап, қайдан келді, қайдан шықты. дымын қалдырмай қаттап, құжаттап жатыр. Бұрын-сонды біз көрмеген бір пәле. Санак басталды. Бұқалар жоқ. Ол мәліктер бұрын да далада түнеп қала беретін. Таң атқан. Құн тұман. Бір уақытта біртіндең қып-қызыл ала қан бұқалар келе бастады. Ішіндегі ең үлкен, ең ірі бұқа көрінбейді. Бізде ес қалмаған. Ақыр соңында үлкен бұқа да жетті-ау. Жарықтық қораға жете гұрс ете құлап түсті. Денесінде сау тамтық

Метай ЕЛЕУСІЗ

жер қалмаған. Қасқырлар тістелей берген ғой. Тегінде сиыр малы тобымен жүрсе ит-құсқа алдырымайды. Мыналар, шамасы, үйірлі қасқырға тап болған секілді. Анталаған ел:

— Ей, мынау мал бол кетеді, - десіп, даурығысып қояды. Тек біріміздің ойымызға әлгінің құйымшатының көтеріп қарау кіріп шықпапты. Санақшылар кетті. Бұқаның о жағына бір, бұ жағына бір шығып қарап көрсем, жаңағының артынан шегі көрініп түр. Сөйтсек, қасқырлар сорлының көтеншегін сол беті жұлдып алыпты. Бәйбішем:

— Мынау мал болмайды. Бауыздап алу керек, - деп, кеңес берді. Не істейсің?! Арам өлтіре алмайсың. Совхоздың басшысы өзгерген. Басшылықпен қоса талап та өзгерген. Бұрын қасқыр шапқан малды жоятын. Енді төлейсің. Әйелімнің аяғы ауыр. Соған қарамай бұқаның басын ар-қанмен байладап:

— Сен басын ұстап түр, мен бауыздайын, - дедім. Пышақты алып, тамақтан орып жібергенімде, тартып тұрған арқан қоса кетті. Жанталасып бұқаның аяғын шандып. “Өлдік-талдық” деп сойып алдық ау. Сойып бітіп, совхозға хабарладық. Совхоздағылар бірден “төлейсің” деді. Шамамен ол кездегі бұқаның құны бес жұз сомның көлемі. Бұл дегенің - әжептәуір ақша. Амал не төлейтін болдық. Амантай деген құрдасым екеуміз бұқаның етін салып алып, аудан басына саудалап көріп ек, ешкім алмады. Ел құлағы - елу. Қасқыр тартқан малдың етін кім алсын? Ақыры әлгі бұқаны төледім.

Келесі жылы марқұм Иманғазының айтқаны айдай келіп, бізден барлық сиырды әкетті. Еңбек-

тен малды әкетуге келген бақташылар сиырлардың күйін көріп, қолымды алып, маған ризашылықтарын білдіріп жатыр. Бұл қазақ дегенді қойсаншы, табынды қабылдап алып жатқандар “ананың группасы дұрыс емес, мынаның жасы сәйкес келмейді” десіп, әй, қанымды ішті. Ағаласып-жағала-сып, өзімдікін дәлелдеп, сиырларды өткіздім-ау, әйтеуір. Сиырдан босаған менен басшылар “енди не істейсің” деп, тамырымды басқан болады. Үш жыл сиыр бағып бойым үйреніп қалған мен не істей алам? Еріксіз:

– Жарайды, қой бағайын, - дедім. Енді, ана бізден ірі қара алған “Еңбектен” айдал әкелген тоқтыны қабылдап алуым керек. Барсак, өлгілердің айдал әкелген тоқтылары шетінен кенже туған көпей, жұндері түскен мысықтай арық-тұрық бірденелер. Мың қаралы бас. Табынды тапсырғанда, қытығыма тиген аналарға қызы-лықты енді мен салдым. Фермеміздің менгеруші Мәжім-нов Нілтай маған болысып аналарға:

– Мыналарың шындығында ұят, жігіттер. Өзі бірінші рет қой баққалы отырган азамат, - деп, сөзімді сөйлеген болады. Қойшы, ақыр соңында малды бізде алдық. Он шақты басын ғана өздеріне қайтардық. Басшылар:

– Өзірше көмекшіне санап береміз. Өзің оншақты күн бой жазып демалып, қайтқасын санап аласын, - деп, малды көмекшіге санап берді. Мен демалысқа кеттім.

Балқашқа барып, туыс-туғанды аралап он шақты күннің мұғдарында ауылға оралдым. Келсем,

Метай ЕЛЕУСІЗ

көмекшім тоқтылардың өлтіретінін-өлтіріп, сұрыптаپ қойыпты. Тірісін санап алдым. Тегінде мал басының амандығы мен қүйі әр шопанның алдына байланысты ма деймін. Қаратал мен екі аралықта «Өулиенің» алдында отырам. Бір күні совхоздың мал дәрігері Әділов Совет келді. Келе алдымдағы тоқтыларды көріп «О-о» деп таң-тамаша. Тоқтыларды санап:

— Шетінегені бар ма? - дейді.

— Жок, - деймін мен. Совет одан әрі таңырқап, қайта-қайта басын шайқап қояды. Санап алған тоқтыларым қыстауға барғанша әжептеуір оналып, жылтырап шыға келді. Содан әлгі тоқтыларым қыстай өлім-жітімге ұшырамай, сенесіздер ме, сенбейсіздер ме? - келесі қысқа түсті. Тұсакқа айналған отарымды сол Ордабекте күйекке қостым. Шамамен, бұл керемет қалың жұтқа айналған жетпіс алтыншы жыл. Сол жылы келген жұт бір біздің аудан емес, тұтас Қазақстанға келген нәубет болды ғой. Қанша қиналасқ та, қанша қындық, көрсек те, ауыр қысты әупірімдеп өткіздік. Алда қой төлдету науқаны келе жатыр. Ордабекте бұрын-соңды ешкім қой төлдетпеген. Бұлараға қозыларды жауын-шашыннан сақтайтын тепляқ салынбаған. Жері тар. Өзі айнала судың ортасы. Мал төлдетуге қолайсыз. Содан не керек сәуір айының 11-күні ұбап-шұбап, сонау Ордабектен жол күреп, қазіргі отырған Қаратұмсық қыстағына көштік. Қойлар жарықтық Ордабектен Қаратұмсыққа жеткенше қоздап келді. Қыстак деген аты. Сол қыста Қаратұмсықтың үйі, қорасы түк қалмай

өртеніп кеткен. Маясын тасып әкеткен. Былайша айтқанда, иесіз қу медиен дала. Тұрағымыз киіз үй. Ашық қора. Сәуірдің туғанына қарамастан, қар жауып ауа райы қолайсыз, абыр-сабыр. Көзкөр-геннің аты - көзкөрген. Нілтай завферме шамасы жеткенше жігіттерді жауып, аянып қалған жоқ. Жүйке жұқарып қажып-шаршап жүргенде қасын-нан табылып, қолдау көрсеткенниң өзі адамның бойына үлкен демеу, қуат-күш береді екен. Нілтай-дың сол кездегі жолдастық жана шырлығы «аштық-та жеген құйқаның дәмін» әлі күнге еске салады. Айдалаға көшіп барып, үйсіз, қорасыз қой төлде-ту деген қазір қарап отырсан, көсіз ерлік, жалаң батырлық екен ғой өзі. Қорқу жоқ, үркү деген жоқ. Әйда «жұзіне-жұз қозы» деген ұран. Алғаш қой ба-ғып, алғаш қой төлдетіп жатқан байғұс «міндеп-темені қайтсөң де орындау керек» деген ұғым са-наңа кіріп кеткен. Қундіз құлкі, түнде үйқыдан ай-ырылып, жанталасып, жінігіп жүріп, мал басын сақ-тап, жоспардағы жұзіне жұз қозыны да алдық қой сөйтіп жүріп. Келер жылы қойларды түсіне қарай сұрыптаймыз дегенді шығарып, алдындағы отар-дың ішіндегі қара қойларды бөліп алып, орнына боз қойларды әкеп қосты. Әлгі топаландардың көбісі көрі қой болып шықты. Қыс та сол жылы қақап кетіп, совхоздың біраз отары қырылып қалды. Құдай сактап, менің отарым аман қалды. Қасымдағы көршілерім қатты шығынға ұшырады. Наурыз айының өзінде күн қатты үскірік сұық. На-урыздың 24-і күні Рымбек Жүнісов өзі жалғыз, со-вхоздағы барлық отарларды аралап, көзімен көріп

Метай ЕЛЕУСІЗ

қайтам деп шығыпты. Әдеттегідей малға шөп беріп, есік алдында жүргенбіз. Деректірдің уазы ағып кеп тоқтап, ішінен Рымбек тұсті. Ойымызда ештеңе жоқ. Өзіміз бен өзіміз күліп тұрғанбыз Рымбек:

— Ей, мыналар мәз ғой таза. Бар, үйге барып, шай қойғыза бер. Қазір осы бетте малдың құлағын кесеміз балтанғы ал, - деді бірден. Өлім-жітім бар ма? Қанша бас?

Шаруасы жоқ. Қыс жайсыз, оның үстіне сұрыптау кезінде отарға кәрі қойлар қосылған. Шығыннан ада-куде емеспіз. Бес-алты бас өлген.

— Шап, мыналардың бастарын, - деді Рымбек. Өлген қойлардың бастарын шауып-шауып тастан:

— Осы айда ептеп отардың басы көп шығын-ға үшырап кетті, - деп, ақталған боп жатсам, Рымбек:

— Эй, Метай, сен мұны нөл дёп айт. Мына өзге отарлар шетінен қырылып жатыр, - деп, боқтап, сыпыра сықпыштып, ыза болсын. Шындығында, совхоз отарларының дені солқыста қырғынға үшырады ғой. Жазғытұрым да жетті. Малдың қырылғаннан аман қалғандары қыстан жүдеп шыққан. Қыстан үнемдеген азын-аулақ шөпті әлгілер андып бергізбейді. Шөптің өзі менің қыстағымда ғана қалған. Соны жырымдап күніне екі-үш тонналап әкетіп жатыр. Қыстан жақсы шыққан тағы бір екі отар бар. Жылдағы жүзіне-жүз қозы алу жайына қалды. Мен әр жүз саулықтан жетпіс бестен төл алдым. Соның өзінде ел таңырқап:

— Ей, Метай расымен жүзіне жетпіс бестен қозы

алды ма? - деп, бір-бірінен сұрайтын көрінеді. Мал басын аман сақтап, артынан жақсы төл өргізгеніміз үшін әлгі үш шопандарға үш қол сағат беріп жіберіп:

— Шопандарға рахмет. Жүзіне-жұз алмай-ақ, біз олардың осы жетістіктер үшін разымыз, - деп, сәлем айтыпты. Күні кеше жұз аналықтан жұз қырық беске шейін қозы алып жүрген передовиктер отыздан төл ала алмай қалған сол жылы. Қаратұмсық қыстағының арқасында талай қыын қыстан қиналмай шығып жүрдім ғой. Қазір, міне, сол қыстакты түп-тура отыз үш жыл қыстап отыр екенмін. Жері өте қасиетті. Негізі өзі жерді сыйласаң, жер де сені сыйлайды еken. Ол жерде отырып, жан баласына жамандық жасауға болмайды. Ол жерде отырып, өтірік айтып, ұрлық жасауға болмайды. Сол жерде отырып, кісіге қиянат жасап, не болмаса, жалған сөйлеп, біреудің ала жібін аттаған адамдардың онғанын көрмедім. Әйтеуір, бір жамандыққа ұрынады. Ол жердің қасиеті сол, ол жерде ертеректе дүкен орнаған. Дәрібай деген ұста отырған. Ертеде сонау соғыс уақытында анау төмендегі су қоймасынан қырға су шығарып, ел жер жыртып, бидай салып, қол орақпен егін орған. Міне, ұста ұстап, көрік басып Дәрекең солардың шаруашылық құралдарын қазіргідей арнайы дәнекерлейтін құралы болмаса да, темірді темірмен жылдастырып, жөндеп беріп, анау-мынау сайманын қолдан жасап беретін-ді, жарықтық. Анау Қызыларайға ерінбей-жалықпай арнайы өгіз арбамен барып, қызулы болады деп арша өртеп,

Метай ЕЛЕУСІЗ

соның көмірін әкеп, көрікпен қып-қызыл шоқса айналдырып, ұсталық етті. Өзі аңқылдаған құлық-сүмдүк таңада, шайқылау, таза жан еді. Көріпкелдігім бар деуші еді. Мен сол кісіден бата алғам. Ол кісі алпыс төртінші жылдары қайтыс болып кетті. Қайтыс болмай тұрып, орталыққа көшіп барған. Бізбен көрші тұратын, Дүниеден өтерінен сәл-ақ бұрын сол алпыс төртінші жылы оқуға бармақшы болып, мәшине тосып жүргем. Қарасам, Дәркең дүкенін жағып, ұстаханасының маңында жүр екен. Содан, үйге жүгіріп кіріп, шешейге:

— Апа, бір пұлдың шетіне үш сом түйіп беріңізші,

Дәрібай ұстаның дүкеніне байлап, бата сұрайын,

- деп едім. Шешей сөзге келмей:

— Дұрыс, құлыным! Алыс жолға баrasың арқасы бар әулие кісі ғой, батасы тиер, - деп, сұраған матаға үш сомдық көк қүйрықты байлап берді. Дәркең үлкен зор денелі кісі-тін. Алқам-салқам, жалаң аяғына шәркей іліп жүре берететін. Үй арасы таяу, таяқ тастам жер. Дүкеніне елбелектеп:

— Ассалау мағалейкүм, ата, - деп, кіріп бардым. Шекесін сап-сары шүберекпен шандып байлап алышты. Көрікті бода-бода болып, басып жатыр екен:

— Уағалейкүм, балам, кел-кел, жоғары шық, - деп, риза болып қалды.

— Ата, сізге сәлем беріп, дүкенізге актық байлап кетуге келдім. Жол жүріп бара жатыр едім, - деп едім:

— Өй, айналайын, раҳмет! Дұрыс-дұрыс, байлай ғой. Енді, өзің мына жерге отыр, - деп, төрге отыр-

ғызыды. Сосын: – Қарағым, жұрт не десе. о десін, менің көріпкелім бар еді. Жаңа сен үйіңнен шыққанда осында келетінінді білгем. Аруактар маган батанды бер деп, айтып кетті. Мен соны орындағым. Жақсы, әрқашан жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын! деп, батасын берді. Міне, содан бері аттай отыз алты жыл өтті, денім сау, бала-шаға аман, соның бәрі сол кісінің берген батасының арқасы ғой деп ойлаймын өзім қазір. Жазғытұрым жайлауға көшіп, күзгесалым қыстакқа қайтқан сайын дүкенінің орнына ақтық байладап жүрдік. Менің мына бәйбішемнің бүкіл атабабаларының қорымы сол жерде. Қаратұмсық, Қарасиыр жерлерін атам Әнуарға Қаралар ерулікке берген екен. Бұл жер негізінде Қара, оның ішінде Жиынбайдықі. Нақтылап айттар болсақ, Ермековтердікі. Тарихты қозғай берсек, бұған себепшілер көп. Оның ішінде, атам жезделері Нұрмағанбет Сүлейменовті атап айттып отырушы еді. Қасиетті Қаратұмсықтағы дүкен иесі Домайдың үрпағы Қайранұлы Дәрібай атам Әнуарға нағашысы болып келеді екен. Өте қасиетті жер. Тауынан, тасынан айналайын, балаларым, немерелерім осы арада туды. Осы арада жетті. Еңбегім де осы араны жайлағасын жана бастады, - деп, бұл жерді қатты құрметтеп, кие тұтам. Қаратұмсықты қыстаған малшылардың қай-қайсы болмасын жаман болмаған. Жайылымы кен, таулары от, төменде су қоймасы бар. Қысқасы жердің жәннәті.

Бір жылы қысқа малымыз құйсіздеу түсті. Аудан

Метай ЕЛЕУСІЗ

басшылары бізді малдары қонды Жәмші совхозына апарып, отарларын аралатты. Марқұм Орал зав-ферме. Сыртынан естуіміз болмаса, аса таныстығымыз шамалы. Алғашында бәрі мені бір жақтан келген өкіл деп қалыпты. Бізben бірге барған Жолдыбаймен шүйіркелесіп, соны төңіректеп жүр. Жолдыбайды бұрыннан танитын көрінеді. Қанша дегенмен, менен бір-екі көйлек бұрын тоздырып, менен бұрынырақ мал бақсан. Келген қыстақтың шопаны жылмаңдаған біреу. Лыпылдатып әкетіп барады. Қойлары қара. Дегерес емес. Кәдімгі біздің қойлар секілді. Жұні өсіңкіреп кеткен. Қырқылмағаны бадырайып көрініп түр. Ораманың ішіне қаз-қатар оттық орнатып, көпсітіп, шөп салып қойыпты. Қалдық шөптен қалың етіп жасаған ораманың ішінде қойлар сыйылысып, бастары оттыққа әрең-әрең сыйып түр еken. Өтірік айтып керегі не?! Қойларының семіздігіне кінә таға алмайсың. Керемет. Фани (Нұржанов) марқұм аналардың малдарының семіздігін көлденен тартып, бізге ғұрсілдеп ұрысып жатыр. Ләм-мим демей, ақырындалап отардың ішіне кіріп, оттап түрған бір қойдың жауырын тұсына қолымды апарып, ұстап ұстап көрсем, қотыр қой бірден белгілі ғой. Дымданып түр еken. Сол бетті отардың бір шетінен еніп, екінші шетіне өтіп қойлардың арқаларын ұстап, көріп шықтым. Қойлар мен қолымды апарып ұстаған сайын жандары кіріп қасынып өліп барады. Ораманың сыртына шыққасын:

– Fake, осылардың мақтайтын түгі жок, шетінен қотыр, - дедім. Фани марқұм болса:

— Эне, бұлардың осы, - деп, күйіп-пісіп, шыжбыж. Сосын шопанның өзінен:

— Мыналарыңнан қаншадан қозы алмақ ойың бар, - деп, сұрадым. Анау міз бақпастан:

— Жүзіне жұз алам, - деп, бессін-ай кеп.

— Жақсы, сенімен жазда шопандар тойында кездесеміз, - деп кете бардық.

Солжылы қыстың беті жаман болып, малға жайсыз тиіп, ауданның хатшысы Тохметов отарларды аралап, мaldың халін көріп, төл алушдан қүдерін үзіп кетіпті. Дегенмен, өз есебім түзу. Қой ұрыққа қонды түскен. Содан, не керек көктемгі мал төлдеду де жетті. Деректірі бар, өзге басшылары бар, қыстақтардан мәліметті күнбе-күн алып, бәрін бақылап, қарап отыр. Сәуірдің орта шенінен асып барады. Менің отарым әлі қоздайтын емес. Қанша өзіме-өзім сенімдімін дегенмен ептеп көнілгे алан, кіре бастаған. Ұзынқұлақтан ана отарда бәлен қоздады, мына отарда түген қозы қоздады деген мәліметті естіп жатырмын. Бір күні отарым жаппай қауырт қоздай бастиады. Өрістен қозы тасумен болдық. Ал, менен бұрын қойлары төлдей бастаған шопандардың отарлары төлдеуді кілт тоқтатыпты. Менің отарым болса, енді төлдеуді бастап, оларды басып озып кеткен. Тұған қозыларды қоржынға салып үлгермей әуре-сарсанға түсіп жатқанда қарасақ, төтеден даламен бізге қарай бір машина құстай ұшып ғағып келеді. Тақай бере қарасақ, ауылдық советтің председателі Бекмолдин түсе сала:

— Тохметов келді ме? - деп сұрасын.

Метай ЕЛЕУСІЗ

— Не айтып тұрсыз? Қайдағы Тохметов. Өзіміз туған қозыларды ауылға жеткізе алмай, танауымыздан шаншылып жатсақ, - дедім. Сөйтсө Ақтогайдан Тохметов:

— Қызыларайға барам, - деп шығып, совхоз басына соқпай, қайда баратынын тір жанға және айтпай, қыстақтарға бір-ақ тартса керек. Салып отырып, бірінші болып, Жекірге жетіп заулап келген беті тоқтамай жайылып жүрген отардың тұрақсынан өтеді ғой. Қойлар дүркірей тым-тырақай үркіп, киікше орғып ыта жөнеліпті. Бойдақ қой болмаса, олай үрке қоймайтыны белгілі. Тохметов машинасынан түсе салып:

— Әй, Оспанов, бері кел! Мен саған қыста айттып ем ғой, осы қойдың жартысы сол беті қысыр деп. Неге сен сол кезде жұз пайыз қашқан деп мені сендірдің? - деп, жерден алып, жерге салып, машинасына міне салып, келесі қыстаққа тартпай ма? Тохметовтің қай қыстаққа кеткенінен хабарсыз. Совхоз басшылары бөлініп-бөлініп, жанжаққа тұра-тұра шапса керек. Бекмолдиннің Тохметовты келді ме деп сұрауының төркіні сол көрінеді. Біз оны қайдан білеміз? Бәрі кейін белгілі болды емес пе? Совхоз басшыларына үстептей, қыстақтан қыстаққа өтіп төл алудың бет алысын көріп түніліп:

— Елеусізовке бармаймын, - деп, ауданға бір-ақ тартыпты. Одан хабары мүлде жоқ. Бекмолдин жайшылықта машинасына шыбын қондырмайтын, қоржынға сыймай ауылға жеткізу үайым болып тұрған қозыларды салып ала жөнелсін. Ондағысы

Тохметов осы жаққа келе жатыр деп ойлап, ауылдық советтің председателі өрістен қозы тасып жүр деген жақсы атақ алып қалғысы келгендегісі екен. Онысы бізге жақсы болды. Шаранасы жаланған қозыларды артып жіберіп, басы артық жұмыстан құтылып қалдық. Сол жолы бөлімшедегі бес-алты отардың тен жартысының қойлары қысыр боп, төл ала аламады. Мениң отарым сол жылы жүзіне жүз үштен қозы беріп, бөлімшениң ең алды болдым. Со-вхоз бойынша қозыны тәуір алған үшінші бөлім-шениң бір шопаны екеуміз. Ананы партком қолдайды. Партияның құдасы. Аудан басшылығы:

— Елеусізов екеуінжүзіне жүз төрттен айналдырындар, - деп, совхоздағыларға нұсқау беріпті. Завфермеміз Әділов Сәбет біздің бар шамамыз жүз үш екенін біліп, жүз үштен мәлімет береді. Ана үшінші бөлімшениң завфермесі бізге айтпай, екі қозы қосып жіберіпти.

— Бізді алдадындар, - деп Сәбет ашуланады ола-рга. Жазда аудан орталығында шопандар тойы өтті, барлық совхоздың шопандары жиналды. Рай-комының алдында озат шопандарды атап мадақтап-марапаттап жатты. Аттары аталғандардың қата-рында баяғы Жәмшінің шопанының есімі айтыл-мады. Жағдайын Жамшының парткомы Сағынтайдан естіп алғам, жүзіне тоқсан қозыға әзер ілігіпти. Сонда да көзіммен іздең әлгіні тауып алып, қасына бардым.

— Әй, сабаз, жүзіне жүз аламын қайда? -дей-мін. Аты-жөнін ұмытып қалғаным. Әлгі батырым көңілсіз күмілжіп, теріс айнала берді...

Метай ЕЛЕУСІЗ

Жетпіс екінші жылы компартияға мүшеліке өттім. Тоқсаныншы жылдары еткен еңбегімді, төккен терімді көрді ме, мені аудандық советке депутаттыққа сайлады. Бұл енді партиядан қуат кете бастаған түс. Ол кезде балама дегенді білмейсің. Бір ушаскеден бір өзің түсесің. Аудандық советте депутат болып, біраз жұмыс жасадық. Бертінде заман ауысты, заң өзгерді. Нарық енді тірлігімізге. Шаруа қожалықтары құрыла бастады біртіндеп. Апеткенде не істеп, не қоя-рымызды білмей, есіміз шықты. Ел біртіндеп қала жаққа көше бастады. Айналаңа бажайлап қарасан, кім әлді, кімнің тірегі, таянышы бар, совхоздың дәuletін бауырларына басып, мұлік-мұкамал, техника атаулысын да солар алып, қарпып қалып жатыр. Қырық жыл қой соңында жүрген мен секілділерге еңбек өтіліне қарай там-тұмдап мал, санда бар, санатта жоқ техника тиғен болды. Өз басым құдайға тәуба деймін. Өү басында үлесінде деп үш жұз бастай қой малын берген. Кейін оның жұз елу басын, совхоздың ауданның түрлі мекемелеріне берешектері бар екен, соған бердім. Естуімше, менен өзгелері әлгі мекемелерге сайтан да бермепті. Маған да берме деп кеңес бергендер болған. Бірақ, мен «аш пәледен, қаш пәле» деп, беріп құтылғам.

Kісі ақысын жеп, байымай-ақ қойғаным! деп шешкем.

Техника дегеннен маған тиғені төрт дөңгелектен жүрдай шөкесінен шөгіп жатқан, моторы екі болтпен ғана ілігіп тұрған, аты бар да, заты жоқ ГАЗ-53 пен сонау мен алғаш мал бағуға шыққан

жылдары келген бір дәгелегі жоқ МТЗ тракторы. Тап сондай халдегі тіркеме. Оның өзі бір жағы техника бердік деген абырой алу үшін, екінші жағы жана техникалардың жұру мерзімі өткен деп құжат жасап, өздеріне қалдырып, оның орнына ескі-құсқы техникаларды бізге тығып құтылудың амал-әрекеті екен ғой. Оның бәрін кейін білдік қой. Ол уақытта қайдан білейік, «е, бізді жарылқап жатыр екен» деп түсіндік қой. Қанқасы қалған елу үштің өзін ел тонап, талан-таражға салып әкетіп жатыр, әрен ғарненде елге:

— Ay, ағайын! Мынау менің меншігіме тиғен машинае, — деп, тонауды тоқтатқан болғам. Ал, басшылар бүкіл кәдеге асар техникалар мен совхоздың қоймасындағы сайман атаулысына дейін, өздері пайдаланып кетті. Үлесіме техника тиоін тиді-ау. Тек соны қыстаққа жеткізу қынға түсті. Біреуден дәңгелек, біреуден бөл-шек-сайман алып, әупірімдеп жеткізіп алдық.

Алғаш шаруа қожалығын құрып шыққан жылы көрмегенді көрдік. Қыстақта қыстан қалған бір мая шөп бартын. Орақ бар, тырма жоқ. Әлгі маяны арқаланып, шөп шабуды аса құнттай қоймағанбыз. Құдай үрғанда, маямыз өртеніп кетсін. Қырсық қылғандай, сол жылды шөптің шығымы да нашар болмасы бар ма. Қамыс-қоға шауып алайық десек, оны жинайтын тырмасы түскір жоқ. Әй, бейнетті көрдік-ақ қой.

Шүкір, қазір халіміз жаман емес. Алты жүз шамасында ұсақ қой-ешкі, екі үйірге таман жылды малы бар. Сексенге тарта ірі қара малы бар еді.

Былтырдан бері сатып азайттық. Техника атаулысын сақадай сай етіп, жаңартып алғанбыз. Елу үшіміз тракторымыз жүріп тұр. Жаңадан бір газель, бір нива сатып алдық. А, айтқандайын және бір трактор сатып алғанбыз. Екі трактор, дәнекерлеу аппараты, шалғы-орак, тырма, тіркеме шаруаға не қажет - соның бәрі түгел. Негізnen шаруашылықпен өзіміз айналысамыз. Бір жалдамалы жұмысшы үстаймыз. Науқандық уақытта болмаса, аса сырттың көме-гіне ділгер емеспіз. Бәріне әлгі ұлым Нұртай ие. Шаруаға тыңғыштықты, ісіне мығым, жастайынан еңбекпен пісіп жетілген, шаруашылықты ойлап, аса аландарап уайым жемеймін. Бас-көз болып отырғанымыз болмаса, ендігі малдың да, жанның да егесі сол Нұртайымыз ғой.

Сонау сегіз-тоғыз жасынан еңбекке араласып, өгіздің басын жетектеп, ораққа отырып дәні дұрыс бала болып көрмеппіз. Колхоздың, совхоздың жұмысына арласып, аянбай ертеңгі жарқын болашақ үшін деп тер төгіппіз. Бізге солай деді. Біз сендік ертеңімізге. Ақыры немен тынғанын және көрдік. Бір қыстақтан табан аудармай отыз жылға жуық мал бағыппын. Соның жиырма жылдан астамында жүздік көтеріппін. Орташа есеппен, 750 қозыдан жыл сайын 750 қозы алғанда, отыз жылда 21 мың бас, әр бас төлдің күздегі салмағын орташа есеппен, 30 келі деп есептегенде шамамен 630 тонна ет, жыл сайын әр бастан 3 келі жүн алдын деп есептегенде 61 тонна жүн өнімін мемлекетке беріппін. Егер де, осыларды ақшаға шақсак, ана әмериканың 2 миллион долларына пара-пар

қаржыны құрайды еken. Бұл еңбек пе? Еңбек. Осы мен секілді қаншама малши болды ауданымызда. Мына мектептер, аурухана, мәдениет ошақтары осы қарапайым малшылардың тамшылап ақ-қан мандай терлерінің жемісі емес пе. Соны бүгінде естеріне алып, ескеріп жатқан кім бар?

Ата-бабаларымыз мыс пен темір, мұнай мен газ өндірмей-ақ, «Арпа-бидай ас еken, алтын-күміс тас екендігін» ерте түсініп, төрт түлік малдың өнімін өзегіне арқау етіп, ғасырлар бойы тір-шілік кешті. Әлі де адамзат баласы осы ауыл шаруашылық өнімдерін тұтынып, құн көріп келеді. Олай болса, ата кәсібіміздің ғұмыры ұзак. Дүниенің барлық кен байлығы сарқылып бітсе де, төрт түлік түгелімен түбегейлі құрып кетпейтіні анық. Демек, бұдан шығатын қорытынды елімізде ата кәсібімізді өркендету қажет. Ауылдарда тұратын шаруа қожалықтарына қолдау көрсетіп, малшының еңбегін бағалай білу керек. Саналы ғұмырымды мал соңында өткізіп, өмірдің құлы-құлы кезеңін бастан кештім. Кісінің ала жібін аттап, өзгенің сыбағасына сұ-ғанақтық жасамаппын. Кіндігімнен тараған балаларымды да адалдыққа, адамгершілікке, еңбектенуге негізден, мейлінше дұрыс тәрбие бердім деп ойлаймын. Кеңес үкіметі тұсында отыз жылға жуық, одан бертінде еліміз тәуелсіздік алған жиырма жылдың жүзінде малдан қол үзбей еңбек еттім. Әлі де тұғырдан тайып, қайратымыз қайтып, қаусай қойған жоқпыз. Бала-шағаға баскөз болып жүрген жайымыз бар. Соған шүкір, соған тәубешілік етеміз.

Метай ЕЛЕУСІЗ

Мениң өмірбаяндық жазбамды оқып отырып, кейінгі үрпақ «кеңестік қоғам көлеңкелі кезеңнен құрылған» екен-ау деген үғымда қалуы мүмкін. Бұл - өте қате түсінік. Кеңес үкіметінің кемшіліктерімен қоса көптеген жарқын жақтары да барышылық. Айтальық, ол қоғамда қарапайым енбек адамдарына деген көзқарас түзу еді. Кез келген малшының баласы қалаған оқуына тусу үшін арнайы жеңілдіктерге ие болатын. Қарапайым малшылар мен жұмысшылар қалаған курорты мен санаториларына жолдама ала алатын. Еліміздің көрікті жерлерін аралап, шет елдерге де саяхатқа шығатын. Әсіреле, жетпіс-інші жылдардан соң халықтың күйі күрт оналып, тұрмысы жақсара түскен. Келесі тарауда мал баға жүріп, Мәскеу қаласына барып қайтқан сапарым барысын тілге тиек етпеклін.



Метай ЕЛЕУСІЗ



Үстәзым
Кұрманбеков
Джімбек



Останық борышқа адағы - 1959



Немерे атамындар: Абылайхан.
Амангелді шаше Метай




Ешбек озаттары: Аманбек Әрімбаев, Қобстай
диураптармен бірге.



Анайым
Магира



Ахам Ескенді





Шының салынған біреу тұрасы
Есекеев Насыпжанов



**Тол
құрдастым
Берік
Ерудбаев**




Шопандар слеті--1984 жыл





Әскердегі досым Мир



Шанырақ көтерген 1967 жыл











Немерек атас Акшар Сендахметұлының
жүйесі. Орталға бауырым Қалжанан
Тілеуханов.







Отау қырғызынызга - 40 жыл
Лагыл той.



Құдалар "Лагыл тойда"
басқосқанда.





Метай ЕЛЕУСІЗ



Балаларым Нұртай мен Гүлнар



Негізде балдармен: Мұфтакызы Насіра,
Серкүлес Рекембек (жондер), Рекембек аудыны
Айбек (әсебет).



Метай ЕЛЕУСІЗ





Метай ЕЛЕУСІЗ









МӘСКЕУ САПАРЫ

Москва! Москва сөзі кеңестік тәрбиеде өскен біздің буынның қай-қайсының болмасын жүргіне жақын, жанына ыстық. Малшы болсын, егінші болсын, жәй жұмысшы болсын радиосын қосып қалса, «Сөйлеп тұрған Москва» деген сөзді естіп елең, ете түсетін. Москва уақытымен сағаттарын түзейтін. Москваға бару, кремль мен күн көсем жатқан мавзолейді көру әрбірінің асыл арманы болатын. Сол Москваға бару бақыты өзіме бұйырғаны үшін әлі күнге шейін тағдырыма разымын...

1980 жылы отанымыздың астанасы Москва қаласында олимпиада ойындары өтті. Барша Кенес Одағының назары Мәскеуде өткен олимпиадада болды. Қазақ халқының батыр ұлы Жақсылық Үшкемпіров сол олимпиадада тұңғыш біздің ұлттан мойнына алтын медаль тақты. Қырандай қағілез қазақтың баласы Серік Қонақбаев бокстан екінші орынды жеңіп алғып, күміс медалды иеленді.

Тап сол қуанышты жылы біздің ауданнан отыз адам он күнге Мәскеуге баратын болды. Солардың қатарына мен де іліктім. Москванды бұрында әскерден оралып келе жатып көргенмін. Өуелде

басшылар: ~~жомағаның ғылыми мәдениетінде оның ідеялік жағынан~~

– Қыс ішінде малға ие болатын адам жоқ, - деп мені жібергілері келмеди. Кім білсін, бәлкім менің орныма өздерінің бармақ ойлары болған шығар. Мәскеуді бұрын көрсем де жол-жөнекей көрген бір басқа да, туристік сапармен барып аралау екі ба-
сқа емес пе?! Бұрын да бір екі рет астанаға бару-
дың сәті кеп түрган жерімнен қалып қойғаным бар.

– Барам, - деп, қасарысып отырып алдым.
Көмекшім өзімнің жиенім еді. Соған:

– Малға, қарағым, мен келгенше өзің ие бола-
сың, айналайын, - деп едім. Өлгі неме:

– Жоқ, мен қой бақпаймын, - десін.

– Бақласан, қой, - деп, зоотехниктің мәшинес-
іне міндім де, кетіп отырдым. Әр совхоздан Мәске-
уге баратын адамдар аудан басына жиналдық.
Дені малшылар. Қызыларайдан менен өзге Тұрыс-
беков Жанатай мен Айдархан бар. Жанатай зав-
ферма. Өзі маған күйеу бала болып келетін. Қара-
талдан қазіргі аудандық статистика бөліміндегі
Зейнолла Құдашбаев, Әубекіров Сапар бәріміз
бірге бардық. Кеншоқының бас бүғалтірі әйелімен,
мына СЭС-тің бастығы Шарбеков Ерғалының зав-
ферме атасы Даданбаев, Жәмшіден Кәртай де-
ген жігіт және толып жатқан кісілер болды арамыз-
да. Көбісін ұмытып қалыптын. Жол басшымыз Са-
дықов Үмбетбек деген Кеншоқының рабочкомы.
Москваға Қарағаныдан сәмөлетпен түннің орта-
сында үштық. Москваға келсек, аэропортта авто-
буспен бізді тосып тұр. Келетінтіміз жайлы хабар-
лап қойған болуы керек. Жол қапшықтарымыз бер

Метай ЕЛЕУСІЗ

сөмкелерімізді зырылдаған лентамен қоя берді. Тексеретін жерден өтісімен, әркім өз затын өзи алып кетіп жатыр. Бізді сол Москвандың маңындағы бір санаторий-ға орналастырды. Жатын орын, тамак, күндіз қаланы араплататын арнайы автобусы тегін. Қайда ба-рам, қайда қоям дейсін, сөзінді екі етпей алып барып, алып келеді. Оружейный палата, ВДНХ-ның біраз жерлерін, метроға түсіп, кремльді көріп, мавзолейді тамашаладық. ГУМ-ды, ЦУМ-ді ара-дастық. Сапарластарымның көбі мынадай үлкен қала-ны бірінші көруі. Ауылдың қазағы белгілі ғой. Да-быр-дұбыр. Метроға түсетін лентаға өтерде тыын саласын. Біздің ішіміздегі бір адам тыын төлеу ке-ректігін білмеді ме? Өтем дегенде әлгіні қысып қалсын. Әлгінің зәресі үшүп кетті. Біз ішек-сілеміз қатып, анаған:

- Эй, тыын сал, - деп жатырмыз. Метроданы электричканы, жасыратыны жоқ, көбіміз сол жолы алғаш рет көрдік. Өзі өте қатты жүретін неме екен. Бір жағы өте қолайлы. Қалаған жеріне қолма-қол жеткізіп салады.

Арамызда Жәмшінің бір келіншегі болды. Өзінің аяғы ауыр. Біз опыр-топыр әне жерде де, мына жерде де суретке түсіп жатсақ, әлгі келіншек еш-кіммен суретке түспейді. Қала аралағанда әр күні әр совхоздың адамдарына еріп шығады. Бір күні Жанатай екеумізге ерді. Бізде зәре жоқ. Аяғы ауыр бір жерде құлап қала ма? Толғақ қысып лаң-дата ма? Кім білген. Қалжындал:

- Эй, өзің босанып қалып, пәле болып жүрме? -

дейміз. Келіншек сапайды: – Қорықпандар, жігіттер, сендерге еш зияным тимейді, - деп қояды. Өзі сондай пысық ширақ. Орсышаға ағып тұр. Әлгі ГУМ, ЦУМ-дарды аралап, сауда жасағанда жаңағы келіншекті алға салып қоямыз. Сөйтіп жүргенде, Еңбектің бір жігітімен біздің қызыларайлық Айдарханнан адасып, жоғалтып алдық. Ол екеуі өздері ылғи бірге жүретін. Кешкілік бәріміз:

«Жақсыны көрмек үшін» съездер сарайына концертке барайық, - деп шештік.

Кешке салым елдің жұмыстан үйлеріне қайтатын үақыты. Көшеде сендей соғылысқан ығыжығы адам. Солардың арсынан сапырылысып сынналай өтіп, съездер сарайын кірдік. Съездер сарайының іші керемет: ақ мәрмәр, сары алтын бояу. Қабырғасының өрнегі, төбесінің бедері ғажап. Үлкендігінде шек жоқ. Бұл ара талай ұлы адамдар мінберге көтеріліп, талай мемлекетік үлкен мәселелер шешілген атақты жер ғой. Алты мың адамға арналыпты. Екінші қабатында кәдімгідей фонтан және тірі ағаштар өсіп, бұлбұл құс сайрап тұр. Тамаша! Концерт басталғанша ішін армансыз арададық. Билет бойынша орын-орнымызға жайғастық. Әр орындықтың алдында құлаққа киетін наушник. Құдай-ау, мына алты мың адамның бір мезетте сыртқа шығуы қияметтің қайымы шығар деп ойлағанбыз. Жоқ, жағалай тұс-тұста қаптаған есік. Жүрттүң антракт кезінде қалай тысқа шығып кеткенін аңғармай да қалдық. Сосын тағы да:

– Жігіттер, съездер сарайын көрдік. Енді Остан-

Метай ЕЛЕУСІЗ

киноға барайық, - дестік. Москванды аралататын арнаиы жолбасшымыз бар-тын. Сол:

— Оған алдын ала екі-үш күн бұрын билет алып қоймасаңыздар, кіре алмайсыңдар, - деді. Билеті тоғыз сом көрінеді. Тоғыз сом деген ол уақытпен өлшегендеге әжептәуір ақша. Не болса да Останкиноға билет алдық. Ақшасын қимағандар қалды. Бардық. Лифтімен үстіне көтерілді. Құлағымыз қағыс естімесе биіктігі бес жұз алпыс метрге жуық деді-ау деймін. Жоғарыдан қарағанда, Москва кәдімгі құмырсқаның илеуі секілді. Қаптаған адам, қаптаған көлік. Алтын зал аталатын бөлігі бар екен, соған ендік. Әлгі зал біз кірген бетте айнала жөнелді. Неше қылыштар мен шараптар самсал түр. Осы Зейнолла, Сапар, Жанатай бәріміз:

— Өй, мына жерден бос шығамыз ба? Ең болмаса, аз-аздан мына конъягінен ішайік, - деп, жұз грамнан конъяк алып іштік. Останкинода екі сағат болдық.

Оружейный палата дегенге бардық. Онда сонау ерте уақыттан бастап, қазіргі заманның барлық соғыс қарулары қойылыпты. Садақ, қылыш, мылтық пен зенбірік, танкіге дейін, қаздай тізіліп түр. Әр кезеңін әскери киімдеріне дейін қойылған. Тіптен қайсы бірінде сол киімді киген адамдардың есімдеріне дейін жазылты. Бірақ, ішінде бір қазактың аты-жөні жоқ. Экскурсоводтан:

— Неге қазактардың аттары жоқ, - деп, сұрасақ:

— Білмеймін, оны шешетін біз емес. Біздің

міндетіміз тек аралатып, қажетті мәлімет беру, - деп, жалтарады. Автобустың шопырына айтқан жерімізге екі етпей, апарып тұрсын деп, етпел тының-тебен беріп қойғанбыз. Әлгі байғұс ерте ме, кеш пе, сөзімізді екі етпей лыптып тұрады.

Жасыратыны жок, Москвандың көшесінде тәртібі аса үнамады. Әне жерде де, мына жерде де мас бол жатқан адам. Кейбірі:

– Қай жақтан келдіңдер? - деп, сұрап жатады. Біз:

– Қазақстаннан, - деп жауап береміз. Әлгі мақ-

ұлықтар:

- Ол қай жақ? - деп, сонда Қазақстанның білмейді. Оған біз:

– Ей, есуас, нанды қайдан жеп отырсың? - деп,

күйіп-пісіп, ыза боламыз. Сонда әлгі немелер сол

кеуде қазақтың кім екенін білмейді екен ғой...

ЦУМ-ды аралаған бір екі жігіт:

– Екі армянға жолықтық. Ондатр малақай тауып беретін болды. Ертең осы араға келіңдер деді. Барасындар ма? - деді бізге. Ол кезде ондатр малақай деген қасқалдақтың қанындаид қат. Таптырмайды. Мұны ести салысымен Жанатай тұрып:

– Ойбай, Мәке, барып келейік, - деп еді. Мен:

– Өй, Жанатай, менің соған зауқым соқпай тұр.

Одан да ВДНХ-ға барғанды жөн көріп тұрмын.

Әзінде неше малақай алсан, маған да сонша мала-

қай ала сал. Ақшасын кейін аларсың, - деп, ВДНХ-

ға кеттім. Халық шаруашылығының жетістіктері

көрмесін әбден асықпай аралап, тамашалап, жа-

тын орынға оралдық. Бағанағы ЦУМ-ға кеткендер

Метай ЕЛЕУСІЗ

әлі қелмепті. Олай күттік, бұлай күттік ұшты-қүйлі жоқ. Мыналарға бірдене болған екен деп зәре-құтымыз қалмады. Таңтертең кеткен, уақыт тұнгі он бірлерден асып кеткен. Мен тыптырышып барам. Ойлайтыным Жанатайлар ғой. Ауылға не деп ба-рам. Ой, он бір жарымның кезінде сықырлап, жетті-ау, әйттеуір. Келе тіс жармастан тесектеріне шалқаларынан сұлады. Ішіміз бір бәлеге ұрын-ғандарын сезіп, малақай туралы сұрап, жақ аш-қан жоқпаз. Ертеңіне өздері:

— Эй, ана екі қуға сеніп алданып қалғанымызды көрдің бе, - дегеннен-ак, ар жағы белгілі болды.

Сөйтсе армяндар:

— Жүріңдер, малақай ана жерде, - деп, бір бөлмеге кіргізіп алыпты. Кілең білектері, омырау-лары жүн-жүн, өндөрі сүйк армяндар:

— Ал, жігіттер, өлгілерің келмесе қалталарын-дағы ақшаларынды шығарындар, - деп, пышақта-рын алқымға тірепті. Әлгілердің ақшаларымен қоса құжаттарын да сипырып алады. Қайта Жанатай ақшаларының негізгі бөлігін етігінің ішіне тығып жүретін. Қалтасына тек малақай алатын ақшасын ғана салыпты. Содан, әлгілерді қашан қас қарай-ып, ел аяғы басылғанша әлгі жерде қамап ұстапты. Ондағы ойлары шыға салып, милицияға жүгірмесін дегендөрі шығар. Абырой болып, ола-рға ермей ВДНХ-ға кетіп қалғаным дұрыс болды. Әйтпесе, аналар сияқты мен де құр босқа ұшы-нып, басым пәлеге қалады екен. Жанатай:

— Эй, Меке, білгендей бізге ермепсін. Ермегенің де жөн болды, - деп жатыр.

Тура елге қайтамыз деген күні Москвада ақ жауын төгіп берсін. Қыстың айы. Айнала жалтыраған көк айна, көк мұз. Самолет үшпайды деген. Домодедовада жүрміз, іші-сыртын аралап, сендей соғылысып. Сағат үштердің кезінде оғып, бұғып, сәмөлетіміз үшты-ау. Ол кезде қазіргідей емес. Жеңқазғанға қараймыз. Сәмөлетіміз Қарағандыға келіп қонды. Қонақ үйлерде орын жоқ. Сапар депутаттық куәлігін көрсетіп, орын сұрайды. Олар басқа бір облыстың қайдағы бір аудандық со- ветінің депутатын қайтсің. «Ішкеннің ішінде арпа бар» Сапар:

– Эй, мен депутаттын. Мен бәленінші бөлмеде жатуым керек, - деп, өңмендеп қоймайды. Қызулық қой баяғы. Қажақтап:

– Сапар, маған да бір орын ала сал, - деймін әлгіге. Бермейтінің біліп отырмыз. Қайта өзімізді милиция алып кете жаздап, әүпірімдеп әрен қалдық.

Өне, сөйтіп, малдың арқасында екінің бірі, егіздің сыңарының жолы түсे бермейтін Мәскеуге де барып қайтқанбыз. Он күн жүргенде Москвада небір қызықты, небір кереметті көрдік. Түрлі күлкілі жайларға тап болдық. Әлбетте оның бәрін тізе берсек, әңгімеміз әлденеше кітапқа азық болатын шығар...

ТОСЫН ЖАЙЛАР, ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Өмір болғасын, әркімнің басына адам сенгісіз тосын жайлардың ұшырасуы занды құбылыс. Мал бағып жүрген жылдары біздің отбасымыздан да небір оқыс оқиға, қызықты жайлар өтті. Соның бірі былай:

Көбіне-көп мен түзде мал сонында жүрем.
Ауылға бала-шағаға қарайтын бәйбішем. Тегінде шопан әйелдерінен батыр жұрт жоқ. Айдала, жапан түз, жалғыз үй отыра береді ғой шіркіндер. Бір жолы әйелім ұзап кеткен бұзауларды қайырып қайтпақ болып төстегі баламды арқалай салып, тұра жүгіреді ғой. Төстегі бала болғанмен, қанша дегенмен тірі жан иесі, азды-көпті салмағы бар. Бәйбішем арқалаған баланы ауырсынып, ши түбіне тастай салып, ұзап бара жатқан бұзаулардың соңынан тартады. Шиден шамалы ұзағанда, қылтың етіп қырдан қасқыр шыға келеді. Алдыда бұзаулар, артта ши түбінде бала. Қасқырды көрген бәйбішемнің аяқ-қолы дірілдеп, тұрған жерінде сілейеді де қалады. Айғайтайын десе, үні шықпайды. Аждаға арбалған торғайдай дәрменсіз бір күй кешеді. Кенет санасында «бала» деген ой жылт

етіп сәтте қорқыныш-үрейді ұмытып қасқырға қолын ербендердіп «кет-кет» деп тұра тап беріп, айбат көрсетеді. Ашқұрсақ жүретін қыстың айы емес. Қанша дегенмен, қасқырлардың тышқаншылап тоғайып қалған кезі. Есі шыға айғайға басқан адамнан сескеніп, жайына кетіпти...

Енді бірде мынадай құлқілі жай болды. Кем-пірім аудандық қенестің депутаты. Қенестің кезекті бір жиынына кеткен, қолында тәс еметін бала. Бала-ны жиылысқа алып кіре алмайтын болғасын, исполномың шопырына қалдырады. Ол оны үйіне апарады. Әке-шешелері «Әй, мына балаң не?» деп аңтаң болысады. Шопыр да кулыққа басып «Тауып алдым» дейтін көрінеді. Содан не керек, жиын бітіп, бәйбішем әктептерімен уласып-шуласып, ауылға қайтпай ма? Жолдағы адам қашанғы зарлай берсін. Әңгіменің де шегі бар. Үнсіздік орнап, әркім өз ойымен отырғанда, кемпір «Ойбай, бала қайдаға» баспай ма. Содан, қайыра кері Ақтогайға оралып, баласын алады. Кейін сол неміс отбасымен жақсы сыйласып, араласып кеткенбіз...

Тағы да сол аудандық қенестің отырысына келіп, бәйбішем көлікпен тасып жатқан судың ортасында қалып қойып, зәрелері үшқандары бар. Иә, айта берсек шопан өмірінде кезігетін небір құлы қызықты жайлар толып жатыр. Мақсатым оларды баян ету емес. Әшейін, сөздің реті келіп тұрғасын айтып жатқаным ғой...

ЖАҚСЫМЕН ЖҮРДІМ ЖАНАСЫП...

Адам өмірінде жақсы да, жаман да кезіге береді. Өмірдің өзі қарама-қайшылықтан құралады деп жатпай ма? Олай болса, менің саналы ғұмырымның соқтықпалы-соқпақсыз сүрлеуінде жақсымен де, жаманмен де жолымыз түйісіп, дәмтүзымыз жарасуы заңды құбылыс деп санаймын.

Ғұмырбаяндық бұл кітабымда жамандық жасаған жандарды ғайбаттап, жазғырудан аулақтын. Пәле-жала, жамандық атаулысы өзімен кетсін. Туабітті болмысымда жоқ әдетті жер ортадан асқан уақытта шығарсам, елден-жүрттан ұят-ты.

Жоқшылықтың не екендігінің, тоқшылықтың не екендігінің парқын біліп өскен біздің буын жарастылысынан кен. Барды бойға құт санап, қанағат тұтып, жоққа қайғырып қамықпайды. Қазір ғой елдің пиғылышын өзгергені.

Әрине, көпшілік болғасын арасында бірлі-жарым алақұйын адамдар кездесе береді. Дегенмен, біздің кезіміздегі жүрттың дені кенқолтық, айлақулықтан ада таза болатын. Тағдыр жолы мені талай жақсы, жайсаң жандармен тоғыстырырды, Солармен өмірдің ащылы-тұщылы дәм-тұзын

бөлісуді жазды.

Темірімде айтқанымдай, мен алғаш қолыма Шопан ата таяғын ұстаған кезімде қылшылдаған кезім болатын. Орда бұзар отыздамын. «Қара сиыр» қыстағына қыс ішінде көшіп барған кезімізді өзге біреулер көрсе, төбелеріне қос қолын қойып, безіп кетер еді. Өз-өзіме деген сенімділік, еңбек етуге деген құлшыныс сол қызындықтарды жеңіп шықты. Сол малдың арқасында абырайға бөлендік. Мерей-мәртебеміз өсті.

Малшылық өмірімде кезіктірген жақсы жандардың бірі - ферма менгеушісі Нілтай Мәжіманов пен ферме зоотехнигі Төлеу Әзімбеков. Екеуі де мал шаруашылығын жіті менгерген, істің ыдығын, шаруаның ынғайын билетін іскер азаматтар.

Өз алдыма жеке табын алып, бақташи болған шағымда меншігімде екі тайынша, үш ешкім болды. Сол сәтте жер бетінде менен бай, менен дәүлетті адам жоқ секілді көрінетін.

Жұрт осыны бақыт деп жатады. Жалпы, осы бақыт дегеміз не өзі десен, әркім әрнені айтып жатады.

Мениң азды-көпті өмір көріп, түсінгенім, адам бақытты болу үшін аса көп нәрсенің қажеті жоқ тәрізді. Бәрі адамның ниетіне байланысты ма деймін. Сол алғаш өз алдыма үй болып, алғаш алдыма өзіме тән меншік мал пайда болған сол бір шақта расымды айтсам, дүниеде менен асқан бақытты адам жоқ сейлді еді. Қазіргі күніме де өкпем жоқ. Құдай берген бақ-дәулет өз басымнан жетіп артылады. Әй, дегенмен, сонау бір кезгі

Метай ЕЛЕУСІЗ

қоңыр тәбел жұпның тірлік кешкен күндерім өмірдегі ең бір бақытты кезеңім сияқты.

Алпысыншы жылдардың аяғы жетпісінші жылдардың басына қарай ел тұрмысы түзеліп, жағдай жақсара бастады. Ел малданды. Міне осы тұста не бір голошекиншіл белсенендісімекшілдер шығып, шаш ал десе, бас алатын әдетіне басып, халыққа тізе батырып, қиянат-қысастық көрсетіп еді. Бірді айтып, бірге кетті деменіздер. Сөздің реті келгесін тілге еркі берген түрім ғой.

Иә, өмір мені талай жақсы-жайсаңмен жанастырды дедім. Олардың қатарында басшысы да бар, қосшысы да бар. Басшылардың денін әңгіме барысында әлденеше айтқан секілдімін. Сонда да болса, солардың ішінде Қызыларайды басқарған Иманғазы Әмірбеков, Рымбек Жұнісов, Орал Шахуов, Серікбай Қасымов, Кәрібек Баймұқанов, партия жетекшілері Қазкен Тойымбеков, Мұхамедия Шардарбеков, Сұндет Әбеуов, бас дәрігер Совет Әділов, Қордабай Шағыров, Марат Түсеноғов, бас зоттехник Нілтай Мәжіманов сынды ер-азаматардың есімдерін ілтипатпен атар едім.

Және бір есіме түсіріп, аттарын айрықша атағым келетін жандар сонау мектеп жаңынан кіші ферма ашып, еңбек етіп абырайға бірге бөлленген Амантай Тохметов, Жеткін Шібиев, Мәкен Қасқанова, Сәду Үқыласбековтер.

Және бір мениң бүгінгі жетістіктеріме ортақ жандар мениң азамат болып қалыптасуыма, өмірде өз орынымды табуыма ықпал еткен аяулы ұстаздарым Әбдіразаков Сейітқазы, Құрманбеков Әзімбек, С-

мағұлова, Бизада, Мекеев, Қалиақпар, Мекеева Төкен, Телеутаева Майраш, Үсқақов Мақай, Рахымжанова Зубайра, Жақатаев Айыпқан, Ақеділов Қасжан, Ақеділов Қалқамандардың есімдерін зор күрметпен еске алғым келеді.

Ал, жаз жайлау, қыс қыстауды қоңсы қонып, қызық-қуанышымыз берін дәм-тұзымызды бөле жеп, тонның ішкі бауындағы болып, біте қайнасып, тумаса да туғандай болып кеткен малшы жолдасжора, құрбы-құрдас замандастарым Кенебай-Зура Қасымжанов, Жолдыбай-Рәзия Оспанов, Әбілғазы-Пәнузза Әбдікәрімов, Тұмарбай-Үміт Үйсінбаев, Рамазан-Самал Жақышев, Қабду-Жеміс Сыздықов, Серік-Зәтай Ерубаевтарды қалай ғана ұмытайын.

Келесі есімін басқалардан бөле-жара жеке атауға лайықты жан бала досым, бел құрдасым Берік Ерубаев пен Кәріғұл Әзіханов. Біздің құрдастық қалжың қағысымыз балаларымзға дейін көшіп, мысығымыз берін күшігімізді атымызбер атауға баратын. Әзіл жарастығы сөйтіп, көніл жарастығына жалғасып кете барушы еді.

Өмір болғасын кей-кейде көңілге кірбің түсіп құлазитын, кей-кейде көңілдің асып-тасып шаттыққа бөленіп жататын тұстары кезігеді. Қамық-қан сәтте өмірден түнілмей, қуанышты сәттерімізге мастанып-масаттанбай, қоңыр тәбел күй кештік. Дегенмен, қанша өзінді-өзің сабырға шакырып өткен іске өкінбеуге тырыссан да кейбір басшылықта болған әпербақан жандардың аяқтан шалып, етектен тартқан қылыштары еріксіз

ойынца орала береді екен. Атын атап, түсін түстесем де, шындықты айтқаным үшін маған ешкім кінә тақпас. Бірак, солай екен деп өткеннің өкпепренішін қазбалап, сөнген шаланы бықсытып жатса, менің олардан қай жерім артық деп, өзімен-өзім басалқы айтып тежеліп отырмын. Көп болса, екінің бірі, егіздің сыңары омырауына қадап жатқан орденнен қағылған шығармын. Не болмаса, бәз біреулер секілді биік атақ, биік мансаптан шектелген болармын. Одан менің мәртебем төмендеп, абырайым ортайып қалмағаны анық. Құдайға шүкір, шопан ата таяғы құт-берекеме айналып, өзіме жеткілікті бедел мен абырайға қолым жетті. Қатарымнан қалдым демеймін. Тұстастарымнан оздым демеймін. Мал бақсан қырық жылға жуық уақыт аралығында өмірден бір басыма жетерлік бақты да, бақытты да таптым деп санаймын.

Әй, сонда да сонау бір жылдары селолық кеңесті басқарған бір жанның қыр соңымнан қалмай көсегемді көгерптеуге тырысқан қиянаты әлі күнге «О, Құдай Тағала, мен сонша оған не жаздым?!» деп ойымнан кетпей жүр. Жә құрып кетсінші. Ой-өресінің жеткені, өмірден көріп білгені біреуді мұқату, біреуге ор қазу болса не шара? Жасаған қараулық істері үшін ар алдында да, Алла алдында да жауабын өзі берер. Өтті-кетті. Енді өкінгенмен өткенді кері қайырып, бүлінгенді бәрібір қалпына келтіре алмайсың.

Ал жоғарыда аттары аталған малшылармен өткен дәурен өмірімнің ең мәнді де мағыналы кезеңдері болғанын үлкен ләzzатқа бөленип, еске

алып отырам. Жалын атқан жастық кезенге жетер дүниеде не бар дейсің! Өлгі Жолдыбай, Тұмарбай, Серік, Кенебай, Әбілғазы, Рамазандардың отбастары талай төрімізде аунап, өмірге келген әрбір сәбиіміздің қуанышына ортақтасса, керісінше, біздің жанұямыз да олардың әрбір қызығынан қалып көрген емеспіз. Жаз шыға, әйда, қысташтан сақтап шыққан сүрімізбен бөлісіп, жаңа жетілген марқамызды сойысып, ала жаздай ақар-шашар жайлауды думанға бөлейтінбіз. Қыс айларында да сол бір-бірімізге омыртқа, сыбаға берісіп ауылымыздың арасын қара жолға айналдыратынбыз. Ой-хой, несін айтасың, бұрынғылар айтпақшы: «О, да болса бір дәурен» еді-ау.

Қазір солардың бәрі мен секілді шал. Зейнет-керлік демалысқа шыққан. Бірі әлі сол ауылдан үзап шыға алмай, шаруашылық деп қарайлап жүрсе, бірі бұл күнде шаһар тірлігіне бейім-деліп, қалалық болып алған.

Нілтай досым әлі тың. Ауылда. Бәйбішесі екеуі балаларының бәрін оқытты. Бәрі жоғары білімді. Өмірден өз өрістерін тапқан. Бай-бақуатты әuletке айналған.

Жеткін - шаруа қожалық иесі. Оның да бауырынан өрген үрпағы өнген-өскен. Сәду Балқашта тұрып жатыр. Қабыхан Қызыларайда. Қысқасы, бәрінің хал-жағдайлары жаман емес, шүкір Алланың берген рызық-несібесін теріп жеп, жүріп жатқан жайлары бар. Бастары аман, бауырлары бүтін. Жетпістің желкесіне жеткен замандастарым мен маған одан артық не керек? Тәнір тек қана

Метай ЕЛЕУСІЗ

қызық-қуанышты көріп бір-бірімізді іздең, сағынyp, қауышуға жазсын дейміз. Жақсымен журдім жанасып дегендегі айтпағым осы жора-жолдастарым мен өзіме шарапаты, жақсылығы тиген ағаларым мен азаматтарды айтқым келіп еді. Бүгін ойлағанды ертең ұмытатын қарттыққа қадам бастық, аталмай қалған, айтылмай қалған жандар болса, мені сөге жамандамас деп ойлаймын...

Бұл тарауды түйіндеу барысында өмірдің енісінен өріне өткенде тағдыр табыстырыған бір жан туралы бір ауыз сөз айтпай қала алмадым. Ол халқымыздың мақтанышы, көрнекті тұлғасы, суретші, қазақтың қолөнер шебері Қалқаман Төлеухан.

Қалқаман екеуміздің түбіміз арғы бабалары-мыздан тоғысатын жақын туыс боламыз. Екеуіміз де кешегі осы өңірге есімі мәлім Сүттібай би шыққан әулеттенбіз. Ол тікелей Сүттекенің үрпағы болса, мен сол Сүттекенің жақын інісі Төлеген батырдан тараймын.

Қалқаман екеумізді тағдыр егде тартып ең-кейген шағымызда табыстырыды. Біздің бір-бірімізден алысталап, жат болп кетуімізге уақыт себепші болды. Оған сол уақыттың ұстанған көзқарасы мен саясаты кінәлі.

Алайда, «ештен кеш жақсы» демекші, кеш те болса бір-бірімізді тауып, аз уақыт болса да арласып, сыйласып үлергрдік. Ол да болса Тәнірдің біздің пешенемізге жазған бір бақыты шығар...

Аудан орталығындағы қалқызың балабек шыныңда
пілтәнен жылдан бері аттың атынан аттың атынан жаңы
Кідімжеленүндегі Нұтқу Нұрмұрағұлұң атаңынан жаңы
БАЛАЛАРЫМ
— **БАҚЫТЫМ**

Атам қазакта «Ағаш көркі - жапырақ, адам көркі
- шуберек» деген қанатты сөз бар. Мен бұл сөзді
өзімше өзгертіп, «Ағаш көркі жапырағы, адам көркі
үрпағы» деп алдым. Қырық жылдан астам уақыт
шәй деспей, жұбымыз жарасқан бәйбішем
Аққозы (Қияш) екеуміздің ата-аналық сезімізді
оятып, алғаш көңілімізді шаттық шуағына бөлеген
тұла бойы тұңғышымыз Жанар 1968 жылы өмірге
келіп еді. Қазір Балқаш қаласында тұрады. Сау-
да училищесін тәмәмдаған. Бүгіндері сатушы бо-
лып жұмыс жасайды. Жолдасы Есенкелді Жуан-
дықұлы (руы Тобықты, Тастемір).

Екі баласы Ернат, Ерқанат. Екеуі де музыка са-
ласының мамандары. «Ер-Муза» атты топ құрған.
Бірнеше байқаулардың лауреаттары. Екінші қызы-
ғымыз - Панар 1971 жылы туған. Олда Балқаш қала-
сында. Мамандығы тігінші. Мектепте жұмыс жа-
сайды. Жолдасы Қайыrbай Зейноллаұлы
(марқұм). Руы (Шомақ). Балалары Өмірсерік БГТК-
нің экономика факультетін қызыл дипломға
тәмәмдады. Нұрболсын Балқаш қаласының тех-
никумының екінші курс студенті. Болашақ метал-

Метай ЕЛЕУСІЗ

1974 жылы шаңырағымызды шаттыққа кенелтіп тұнғыш тізгінүстар ұлымызы Нұртай дүниеге келді. Қақ-соқпен жұмысы жоқ. Ісіне ыждаһатты. Мінезі біртоға еңбеккөр болып ер жетті. Қарқаралы қаласындағы зооветеринарлық техникумын және Алматы қаласындағы Орталық Азия Университетінің заңгер мамандығы бойынша оқып, диплом алды. Бүгіндері «Нұртай» шаруа қожалығында жетекші. Жолдасы Сандуғаш Абзалбекқызы.(Руы Сарым). Балалары Ақеркем, Алпыс, Жанеркем, Мейірім мектеп жасында, оқу озаттары. Ал, Нұртөре екіде.

Әuletімізде сөзүстары да, тілге бейімдісі, пысығы да Гүлнарымыз болды. Гүлнар ҚарМУ-дың журналистика факультетін бітірген. Бүгінде аудандық «Тоқырауын тынысы» газетінде тілші. Жолдасы Серікғалы Аманоллаұлы. Руы Қожағұл. Балалары Нұрдәulet пен Құлмұхаммет оқу озаттары, әншілер.

Қыздарымыздың ішіндегі салмақтысы да, сабырлысы да Бақытымыз. Бақыт 1979 жылы туған. Алматы қаласындағы Орталық Азия Университетінің заңгер мамандығы бойынша тәмәм-даған. Қазіргі таңда Балқаш қалалық Әділет басқарма-сында маман болып қызмет жасайды. Жолдасы Сәттар Қайроллаұлы. Руы Қожа. Баласы Ислам балабақшада.

Қыздың кішісі, ері еркешорасы Гүлнұр. Ресейің қазіргі заманғы гуманитарлық Академиясынан психолог мамандығы бойынша білім алып шыққан.

Аудан орталығындағы «Аққызы» балабақшасында психология. Жолдасы Нұрбол Нұрымбекұлы. Руы Қамбар.

Шаңырақтың сүт кенжесі Нұрслан ойы орнықты, кітапқұмар. Соған қарағанда, үлкен білімді азамат болады-ау деп, ертеніне үлкен үміт артып жүрген жайымыз бар. Қостанай қаласындағы №6697 әскери бөлімшесінде азаматтық борышын атқарып қайтты. Қарағанды қаласындағы «Болашақ» университетінің студенті. Болашақ зангер.

Өткен өмірімді болашаққа жалғайтын ұрпағым жайлы дерек осы. Өмірің өрекпіл ағар өзен екен, ғұмырың өрмелеп шығап кезең екен. Міне, мен де ғұмыр кезеңімнің биігіне көтеріліп алды-артымды бағамдап, өткенім мен бұғніме көз жіберіп, барға таубе, жоққа шүкір деймін. Өмі-рім зая кетпеген сыңайлы. Бейнетімнің зейнетін, азабымның рахатын көріп отырмын. Әлі де Алла берерін тауспас. Баларымның бақыты баянды болса, менің де өмірдегі мақсат, мұратым орындалғаны...

жұндырылғанда «сілкА» 17-шіншынан тоңтада нұдұА
шығында жаңа мемлекеттік мінистрлер тарапташып
тұнтыс тілгінде оның үлгімінде Нұртай дүниеге көмейді.
Ежандардан оның 1990-жылдан бері 10 жылдан бері
іздемілдік міністри болып табылады. Аның міністерлік міністри болып табылады.
Сындағы үміттік міністри болып табылады. Аның міністерлік міністри болып табылады.
Жаңа міністри болып табылады. Аның міністерлік міністри болып табылады.
Баласынан бері оның міністри болып табылады. Аның міністерлік міністри болып табылады.
**ДЕПУТАТ ІС
ҮСТИНДЕ**

Табыс сыры – ізденісте

Қантардың қарлы бораны мен сыйырлаған аязы – қыс маусымының ежелгі әдеті емес пе. Қардың мол түсі, қыстың аязды болуы қанша дегенмен-қажет-ақ. Соңғы жылдары желтоқсанның аяғында жаңбыр жауып, арты көк мұзға айналып малға да, адамға да өте жайсыз болды. Қыс бойы жайылымдық аршып, техника күші орынсыз пайдаланылатын. Осы ойды өзіне мықтап түйген, Қызыларай совхозының №1 мал бригадасының шопаны Метай Елеусізов қыстың қаттылығына ешбір өкініп отырған жоқ. Өйткені, ол қыс қамын ерте ойлады. Жаз айларынан бастап мал қораларын, жем-шөп жеткілікті етіп жасайды.

— Менің, дейді, коммунист шопан, осы кесіпті менгергеніме ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Осы жылдар табыссыз болған емес. Бірнеше рет жарыста озып шығып, жұлдегер атандым. Совхоз партия комитетінің, аудандық партия мүшесі болған кездерім аз емес.

Иә, Мекен қой бағудың шебері, өз ісін жетік біледі. Биылғы жылы қабылданған отарынан бірде-

бір бас шығын жоқ. Қора жылы. Тоқтылардың қоңына қарай үш топқа бөлген. Жылы су, шөпжем, тұз өз ретімен қойылған. Малды дәрігерлік емдеуді мал маманымен бірлесе отырып, жүргізіп келеді. Өткен жылы Метай Елеусізов үшін айрықша жыл болды. Ол №33 сайлау округі бойынша аудандық советке депутат болып сайланды. Мені аудандық советтің депутаттығына сайлап, сенім білдірген сайлаушыларға көп раҳмет, - дейді ол. Өздеріңіз білесіздер, менің сайлау алдындағы платформам аудандық газетке жарияланды. Ендігі міндет ел алдындағы үәдені орындау.

M. Елеусізов өзі отырған қыстақта құрылған идеологиялық ядроның жетекшісі. Басқа да қоғамдық мүшелердің құрамында. Әркез журналистермен кездесіп, олармен пікір алмасып, тәжірибелерін ортаға салып жүреді. Соңғы уақытта мені мынадай бір ой толғандырып жүр. Естуімше, партия қызметкерлеріне, шахтерларға, құрылышыларға, мұғалімдерге т.б. көптеген мамандық иелеріне арналған демалыс үйлері санаторий-профилакторийлер бар. Ал, малшы шопандарға арналған демалу, не емделу орындары жоқ. Депутат ретінде осы мәселелерді тиісті орындар алдына қойып, қозғау салсам деймін.

Айта берсек, депутат-шопан Метай Елеусізовтың алдына қойып отырған мақсаты көп. Олардың ішінде ең маңыздысы өзіне бекітіліп берген малды аман сақтап, күйін түсірмей қыстан алып шығу. Сонымен қатар, 25 наурызда Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауын лайықты табыстармен қарсы алу.

Зада Жұматова,
Қызыларай совхозы
(«Арқа еңбеккери». 1992 жыл.)

Азамат сенімі

Түн қараңғылығы сейіліп, ақпанның бет қарыған шыңылтыр аязды тағы бір таңы атып келеді. Бұл - Метайдың 13 жыл шопандық өміріндегі ең жақсы таңының бірі. Ол осы жылдар ішінде таң қылаң берे тұрып, күн райының қабағын қарауды әдетке айдалдырған. Таңғы тыныштық, ал Метай үшін жұмыс күні басталды.

...Аға шопан жылы қорадан шыққан қойларды біраз сұыққа үйрету үшін аз уақыт иіріп тұрды да, отарды өріске қарай беттетті. Малды аса бытыраттай топтай айдаған бойы ауылдан ұзай берді. Ойы өрісті өзгертіп, отарды соны жайылымға жаю. Өйтпесе болмайды, күннен күнге төл беретін саулықтарды дұрыс тойындырып, жайылуына ерекше қараған жөн. Межелі жерге жеткен соң, отар бытырап жайыла бастады. Метай болса малды сыртынан бақылап мұнартқан көкжиектерге көз салды. Өткен күндерге көз жүгіртіп, шопан таяғын алғаш ұстаған жылдарды есіне алды. Иә, алғаш шопандыққа баруды қолға алған кезде: «Сенімнен шыға алар ма екенмін?» деп қобалжыған болатынмын. Бірак, оны жұбайы Қияшқа сездірмеуге тырысты. Оған шоферлықтан ауысып, екінші тың – қой шаруа-

шылығын игеруге баратындығын айтқанда:

— Шопан еңбегінің қындығы аз емес. Қындықтан қорықпайтындығында білемін. Сонда да мал бағудың көп қындығын біле қоймайсың. Жемісті еңбек ету, ердің ерінің ғана қолынан келеді. Оны өзің де ойлаған шығарсың. Шопандықта барғаныңа менің қарсылығым жоқ, - деп, ел ігілігі жолындағы жорыққа бірге аттанғандығын білдірді.

Содан кейін көп кешікпей «Қызыларай» совхозының №1 фермасында М. Елеусізов отар қабылдан алды. Бұл 1970 жылдың жазы болатын.

Арада он үш жыл өткен екен. Осыншама жаз, күз, қыс, көктем артта қалыпты. Осы уақыт ішінде Метай да едәуір тәжірибе жинақтады. Қаншама өмір сабактарының сынағына түсті десенші. Бірақ олардан сүрінген жоқ. Жылма-жыл табыс баспалдақтарымен көтеріліп келеді. Мәселен, бес жылдықтың беташар жылында Метай қарамағындағы жұз саулықтан жұз бірден төл ерітсе, өткен мерекелі жылы әр жұз саулықтан жұз екіден қозы алып, аман өсірді. Әр қойдан 2,6 кг. жүн қырықты. Оның алдағы асуы бұдан да биік. Міне, азамат сенімі акталды деген осы да. Метай ойланған түріп, отардың жайылысын барлап қарайды. Қыстың қысқа күні де екіндіге көтеріліп, түс мезгілі болып та қалды. Күн күрт құбыла қалғандай. Бұл өнірдің сырын жақсы білетін Метай отарын ііріп ауылға қайтуға дайындала бастады. Ол таңертеңгі шыңылтыр аяздан кейінгі күннің мүлде жылынып кеткенін үната қоймаған еді.

Метай ЕЛЕУСІЗ

Кешікпей-ақ жаяу борасын басталып кетті.

Әрқашан отарды бастап, сенімді серігіне айналған ақсеркенің алға түскенін байқаған Метай малды ширага айдал келеді. Әйтсе де, еркін отықлаған малды ауылға жеткізу оңай бола қойған жоқ. Осыны сезген Қияш та аландаулы еді. Қыстаққа тақаған малдың алдын көргенде оның көңілі орнықты. Тал түсте қойды қамай қою пұлшті малдың төлінен айрырылып, жұнін жоғалту деген сөз Сондықтан, арнайы дайындаған ықтасынға шөп шашып, малды қас қарай қоралаумен Елеусізовтердің бір күнгі қамқарекеті де аяқталды.

Кешкі дастархан басында Метай ертең аудандық партия комитетінің пленумына кететіндігін айтып, Қияшқа шаруағы ықтиятты болуды тапсырды. Содан шай ішіліп біткенше ештеңе айта қоймады. Әлденеге толғанғанда Метай-дың осылай үнсіз қалатынын жұбайы жақсы білетін. Сондықтан, ол:

- Не ойлап отырсың? – деп, Метайға сыр үққысы келгендей барлай қарады.

- Иә, коммунист көпке үлгі. Арық айтып, се-міз шығайық деген оймен биыл саулық сайын төл ертуге міндеттеме қабылдап алып отырмын. Коммунистерге мұндан міндеттеме қабылдау, олқы бола ма, - деп отырмын. Күйек жақсы өтті. Малдың қоңы көңілдегідей. Ал, шелді мал төлді болмақ. Шамалауымша, былтырғы межеден асып түсуге толық мүмкіндік бар. Жұз үштен алуға уәде етсек деймін, - деп, Метай тоқетерін айтты.

- Коммунист шопан М. Елеусізов аудандық

комитеттің пленумына осы оймен аттанды. Ол бес жылдықтың үшінші жылында СССР-дің Азық-тұлік программасына сүбелі үлес қосу жолында Ленинше, Коммунистерше еңбек етуді үйірған еді.

Амантай Есмағанбетов, Ақтогай ауданы

(Арқа еңбеккери, 1983 жыл, ноябрь)

Ауыл азаматы

Ақпан айының соңғы күндері болатын. Қатарынан екінші үдій соққан ақтүтек боран да ашылған. Совхоз орталығынан шыққан К-700 тракторы қыстақтарға жол салып келеді. Стандарт, Сүлеймен, Домай қыстақтарын артқа таставады. Мұндағы шопандарда қыстың қын күндеріне сыр берген жоқ. №1 фермаға қарайтын Қаратұмсық қыстағына ат басын тіредік. Тор атқа шана жеккен екі жігіт малға шөп шашып жүр. Дәүде болса, ізdegен кісіміз осы болар деді совхоз партия комитетінің секретары Қ. Түсіпбаев.

Иә, бұл Метай Елеусізовтың өзі болып шықты.

Аялдап, аман-саулық сұрастық. Күні кеше соғып өткен боран да оңай болған жоқ. Малға шөп беруде үлкен қындықтар келтірді. Семья-мызбен аянбай жұмыс жасап, малды шетінеткенімз жоқ. Сақа саулықтардай емес, тоқты малы күтімді көп тілейді. Міне, бүгін жем беріп, суарып, тойынғанша азықтандырып жатырмыз. Қыстың көбі кетіп, азы

Метай ЕЛЕУСІЗ

қалғанда мал күйін төмендетіп алмау керек. Басқа қыстақтардың қалы қалай екен? Ол өз әріптестері жайлы да сұрап жатыр. - Ал, жігіттер, әңгімені үйге барып жалғастырайық. Ферма орталығында цехтық партия үйымының есеп беру-сайлау жиналышы бар еді. Соған барғалы отырмын. Малға көмекші шопан әм күйеу балам Есен Жасымбеков ие, - деді ол.

...Біз Метайды көптен білеміз, бұрын да сан кездесіп, пікірлескенбіз. Көп тыңдал, аз сейлейтін елгезек жігітті ауыл достары үлкен құрмет тұтады. Өзінің адаптегімен танылып келе жатқан азамат. Сол күні цехтық партия үйымының жиналышында Метай жетістік-кемшіліктеді ашық айтты. Партбюро мүшелерінің жұмысына сын тұрғысынан баға бергені есімде.

- Биылғы қысқа өкпе жоқ. Солай десек те, бригаданың көрсеткішін кейін тартып келе жатқандар бар. Қоғамдық мұддеге жанашырлықпен қарауымыз керек. Азық-түлік программасын жүзеге асырға үлес қосу әрқайсымыздың басты борышымыз. Кемшілікті айтсан, көңілге алатындар бар. Мал өлімі отарларда тиылмай келеді. Бұл кемшілік бәрімізге ортақ. Бақылау тобының мүшелері күнделікті жағдайды біліп отырулары керек.

Бұдан кейін ол арендалық мердігерліктің тиімділігіне тоқталды. Жаңа тәсілді түсінбейтіндер де жоқ емес. Шартты міндеттеме түгілі жоспарынан шыға алмай жүргендерге нә айтуға болады? Сондықтан озаттар өнегесін басшы-

лыққа алып, ізденіспен жұмыс жасауымыз керек. Сөз орайында айта кетейін, мал шаруашылығын механикаландыру жағына да көңіл бөлінбей келеді. Кейбір қыстактар әлі де жоғары кернеулі электр желілеріне қосылған жоқ. Осы мәселелерге ауыл басшылары көңіл бөлүлөрі керек. Адам факторын жандандыруда атқарған жұмыстар жеткілікті. Теледидарлы ауыл-село тұрғындары мен шопандар қауымының тұракты көруін қамтамасыз етуге назар аударған дұрыс. Өсіресе, Алматы теледидары хабарын беруді қолға алған жөн. Мал азығын дайындау оның мол қорын жасау нақтылы шешілмей келеді. Ол үшін бөгөу суларын пайдалану мүмкіндіктерінің бар екендігін де ортаға салды. Метай мінбеден түскенде отырғандар ду қол шапалақтап, шешімін күткен проблемалық мәселелер десіп жатты.

- Метай Елеусізов жастайынан еңбекке арасынан келеді. Оның әкесі де осы өнірге белгілі адам болған. Партком секретарының осы сөзі ой тізбегін үзіп жіберді. Қаршадайынан шопан таяғын қолға алған жігерлі жігіт ата көсіпті жалғастырып білуде. «Балам, ырысынды, бақытынды еңбектен ізде». Кесіп айтқан әке сөзі еді бұл. Міне, содан бері ширек ғасырға жуық уақыт өтті. Сол жылдардың сырына үңілсек, өнім өндіріп, малды төлі есебінен өсірудегі қол жеткен көрсеткіштері де аз емес. Еңбегі жаңып, алдыңғы шептен көрініп келеді. Оның омырауында «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі жарқырайды. Алған мақтау грамоталары да жеткілікті. Жергілікті Советтердің өткен

Метай ЕЛЕУСІЗ

сайлауында коллектив мүшелері оған сенім артып, аудандық Советтің депутаттығына сәйлады. Жүлдегер шопанның мұндай құрметке ие болуы тегіннен тегін емес. Ол сайлаушылар аманатын орындауды да алдына мақсат етіп тапсырған. Оның сайлаушылар сенімінен шығатынына кәміл сенуге болады.

Қадірменді ауыл азamatы М. Елеусізов үлгілі семья басы. Жолдасы Қияш бес бала тәрбиелеп өсірген «Қола медальді» құрметті аналардың бірі. Көмекші шопанның міндетін атқарады.

Қазіргі қайта құру кезеңінде арқа сүйейтініміз де осындай азamatтар. Бұлардың жаңалықта жаны құмар. Заман ағымын терең түсінеді. Шаруашылықты жаңаша жүргізуге де үйітқы бола білуде. Ол совхоздағы еңбек колективі советінің председателі, партбюро мүшесі. Осындай еңбекшіл жандарды әрқашан мақтан етеміз, - дейді партком секретары Қ. Тұсіпбаев.

Оның өткен жылға қол жеткен табыстары да барышылық. Мал басын 100% аман сақтай отырып, отардан 537 қозыны 37 килограмнан етке тапсырды. Жыл аяғында шопан семьясы 7 мың сом табыс тапты. Коммунист шопан өз шаруашылығын күйттеп қоймайды. Совхоз өміріне партия үйімінің жұмысына белсене араласады. Мениңше, дейді М. Елеусізов: - Мал шаруашылығына жастарды көтеп тарту қажет. Шаруашылықта шопан кадрлары жетіспейді. Осынау маңызды іске әлі де болса, ескінің өлшемімен қарау орын алып отырғаның да жасыра алмаймыз. Шопандыққа баратын

жастарға жан-жақты жағдай жасай отырып, ата кәсіпті енші етуге жұмылдыра білуіміз керек. Онымен әңгімелесе қалсаңыз осындай түйінді ойларды толғайды.

Мәке, қой шаруашылығымен айналысқаныңызға көп болды. Шаруашылықты жүргізуде жалпы еңбек адамдардың іске деген ынталасында қандай өзгерістер қалыптасады деп ойлайсыз? Біз Метай Елеусізовке осындай сауал қойдық.

— Қайта құру жариялышты қана емес, әрі үлкен өзгерістер әкелді. Азық-түлік молшылығын жасауда өнім сапасын жақсартуда аз сөз айттылып жатқан жоқ. Бүгінде арендалық мердігерлік қатынастарды дамыту күн талабына өткір қойылуда. Ескіше жұмыс істеуден арылдық, демек әрқайсымыз өз жұмысымызға жана шырылышпен қарап, ортақ мұддеге молқайтарыммен мол үлес қоса білуіміз қажет. Жұмсалған шығын мен өндірілген өнімнің айырмасы біздің таза пайдамыз болып есептеледі. Артық өнім берсек, ертең оның ақысы түгелдей шопанда қалады, - дейді ол.

...Күн кешкіріп қалыпты. Ол жиналыстан шыққан. Қаратұмсық қыстағына бет алды. Тағы да күн бұзылайын деп түр-ау сірә. Кездескенше күн жақсы.

Ол жалпақ алақанын бізге ұсына берді...

Рымбек Мәмбетов,

газеттің арнаулы тілшісі.

«Қызыларай» совхозы.

(«Арқа еңбеккері», 1991 жыл, 25 ақпан)

Мазмұны	
Алғы сөз	3
Тегінді білу - текстілік	6
Бейнеті көп балалық шақ	20
Отан қорғау - азаматтық борышың	36
Бақытымызды еңбектен іздедік	42
Мәскеу сапары	96
Тосын жайлар, оқыс оқиғалар	104
Жақсымен жүрдім жанасып.....	106
Балаларым - бақытый	113
Депутат іс үстінде	116



Қырық жылдан астам қолыма
Шопан ата таяғын ұстап, қой
бағыппын. Жәй ғана бағып
қоймай өз уақытымның, өз
заманымның талап түрғысы
бойынша еңбек етіп,
қатарымның алды болып,
абырой мен мәртебеге бөленіп,
құрметке ие болыппын.
Өмірдің соқтықпалы-
соқпақсыз, бұралаң жолын
етіп, өзіме тиесілі бағым мен
бақытымды тауыппын...

